

Қайролла Қостанбеков



Өткен жылдар тіл
қатады

Қайролла Қостанбеков

**ӨТКЕН ЖЫЛДАР ТІЛ
ҚАТАДЫ**

Павлодар, 2004 жыл

Ұстаз! Осы бір сөзде қанша мағына жатыр. «Анадайдан ұстаз келе жатса, оның жолын кеспе, тосып тұрып сәлем бер» деген ұлағатты сөзді естіп өстік. Мұғалім бізге білім, тәрбие берді, болашағымызға жол сілттеді, ақылшың, қамқоршың болды. Он жыл оның алдынан дәріс алдық. Еркелігінді де, есерлігінді кешіре білді. Мадақтады, көтермеледі, ұрыса да білді. Кейін ер жетіп, есейе келгенде, мұғалім алдын сағынғанымыз рас. Осы ойлар қолжазбасын қолтықтап, кітап етіп шығаруға қолқабыс жасауды сұрай келген Қайролла Қостанбеков ақсақалды көргенде, санама оралды. Қайролла ақсақал – көпті көрген жан. «Көпті көрген көңемін, желе жортып келемін» дегендей, оның көрген де, зердесіне түйгені де көп. Кешегі сұрапыл соғыста он төрт жасар Қайролла ауылда ерссектердің орнында, жұмыс істеді, аналарымыз жыласа – жылады, күлсе – күледі, оларға тіреніш те бола білді. Соғыс жылдарының қиындығына қарамастан, оқуын тастамады, Ұлы Жеңістен кейін бір жылдан соң, орта мектепті бітіріп, мұғалім болды. Білім саласында 40 жыл ұстаздық етіп, заңды демалысына шықты. «Қазақстан Республикасының оқу-ағарту үздігі».

Еліңе абыройлы, сыйлы, құрметті болған ұстаз көп жыл бойғы жазбаларын өңдеп, кітап етіп шығарды. «Өткен жылдар тіл қатады» деген туындысы ұстаз ақсақалдың тұңғыш шығармасы. Автор мұнда өзінің басынан өткен уақиғаларға осы заман тұрғысынан баға береді, бүкіл ғұмыры мен қызмет жолына шолу жасайды, өзін әртүрлі жанрда байқап көреді.

Ұстаз өзін бақыттымын деп санайды. өзінің бақытын ұрпағының – ұл-қыздарының өсіп-жетілуіне, шәкірттерінің азамат болып, «дүниенің бір кірпіші» болып қалануынан көріп отыр. Осыған ризашылық білдіреді.

«Өткен жылдар тіл қатады» кітаптан автордың өз бейнесін көресіз.

Төлүбек Қоңыр,
«Құрмет Белгісі» орденді журналист,
журналистика ардагері

*Өмірде көргенім мен білгенім көп,
Аралап, талай жерді жүргенім көп.
Оқыса, осы жазған сөздерімді
Еске алып, әрқашанда жүреді деп.
Адам өмірге ішіп-жеу үшін
келмеу керек.
Артыңда жақсы бір істеген
ісің қалсын, немесе ұлағатты
асыл сөзің қалсын.*

Қайролла Қостанбеков

I.

Кіндігімнің жас қаны тамған жері - Ауылым ...

Мен Омбы облысының Дробышев ауданы, Исаев ауылдық Кеңесіне қарайтын Тіней (Сулықамыс) ауылында 1926 жылы тамыз айының орта кезінде дүниеге келіппін.

Әкем - Сейсенбай, шешем - Қалипа.

Біз бір әкеден: 3 ұл, 1 қыз едік.

Олар: Ғабдолла (Қаукен), Қайролла, Қабиолла (Қабыжан) және қарындасымыз Қалима. Біз Қоржын атадан: Өмір, Шабай, Тастанбек, Қостанбек болып тараймыз.

Қостанбектен - Сейсенбай, Сәрсенбай, Нұрмағамбет.

Сәрсенбайдан - Төләубай, Төлеу, Төлеген.

Сейсенбайдан - жоғарыда аталған 3 ұл, 1 қыз.

Өмір, Шабай ұрпақтары Ақмоланың аржағында 40 шақырым жерде Төңкеріс ауылында тұрады.

Менің балалық шағым, табиғаты өте керемет,



даласында бірнеше күмістей жарқыраған, мөлдір көлдері бар балығы мол, құстары қиқулап, аққу-қаздар су бетінде жүзіп жүретін өңірде өтті.

Біз, ауыл балалары, жаз болысымен, көлдегі құстардың жұмыртқа іздеп, салынды араларынан қасқалдақ, шөрегей, сүңгуірлердің жұмыртқаларын тауып алып, далада пісіріп, жеп рахаттанамыз.

Жаздың сұлу табиғаты, көлдің айнадай мөлдір суына шомылып, үйге қайтатынбыз.

Жазғытұрым, дүрілдеп, екпіндей тасыған су тоғайды ақ жайқын ететін. Су қайтып, кейбір жерлерде, ой - шұңқырларда қалған жерлерден балық аулайтынбыз. Жаздың орта кезінде, далалы жердің сайларында қарақат тұнып тұратын. Біздер, ауыл балалары, қарақат теруге барамыз.

Осылай даланың неше түрлі гүлін теріп, қарақатын алып үйге қайтатынбыз.

Туған жерім, өскен елім, балалық шағым көзге елестеп, ой түйсігі былай деп сыр шертеді:

Ауылым «Сулықамыс» - туған жерім,
Балқұрақ, жасыл тоғай, мөлдір көлің.
Балалық жастық шағым сәнде өтті,
Суыңда балық құсап, жүзуші едім.

Сайыңа талай бардым жидек теріп,
Балбырап, баданадай тұрған еріп.
Даланың неше түрлі гүлін теріп,
Қайтасың, рахаттанып, көзің көріп.
Ойласаң, неше түрлі заман өтті,



Сол жерлер осы күнде қайда кетті?
Қуарып, тоғайы да, даласы да,
Қиқулап, құсы қонған көлі бітті.

Аспанды жарық қылған жалғыз шырақ,
Мен жүрмін ортаңыздан болып жырақ.
Келемін анда - санда туған елге,
Ойыңнан қайда жүрсең кетпес бірақ.

Міне, енді ойлап тұрсам, сол жерлер, сондағы табиғат көріністері, өте шыққан жұмбақ сияқты.

Мен жасымнан ерке және пысық болдым. Немере ағам Төлеубайдың баласы болмады. Сол үйдегі жеңгем Кәлміш Ахметжанқызы Байсүгірова мені бауырына басып, өзінен туғандай етіп, еркелетіп өсірді. Үлкен қайнаға баласының атын атамай, жеңгем мені «Еркеғайым» деп шақыратын. Жылы жүзді, жұмсақ сөзді, қара торы, қызыл шырайлы, күлім көз, сымбатты еді. Ақырын жұмсақ сөйлейтін.

Оған қарағанда, немере ағам Төлеубай палуан білекті, жуан қара, ұзын бойлы еді. Дәл Кәлміш жеңгеме ылайықты емес сияқты. Шешесі Кәку сондай қара бұжыр, кеспелтек, еркекке ұқсас адам еді. Үлкендердің айтуы бойынша, сол Кәку шешеміз бір баласының сүндет тойында, өзінің бір құрдасымен белдесе кетіп, жанды жерінен қысып қалып, шоңқитып отырғызып жығып жүре беріпті. Құрдасы, ұялғанынан топқа кірмей, теріс айналып жүре беріпті. Осы кезде менің он - он бірдегі кезім болатын.



Иса ақын келді, көзім көрді

1938 жылдың жаз айы. Колхоз егінін жинап бітіріп, енді кең тыныс алу уақыт болды. Бір күні түстен кейін, ауылда бір дүрбелең болды. Ел адамдарының бәрі: «Иса келді! Иса келді!» - деп шуласқан, қуанышты дауыстары естілді. Мен оның кім екенін қайдан білейін. Әйелдер жағы жер - опшақ қазып, қазандық орнатып жатыр. Күн кеш болды.

Ағам Төлөубай (ол колхоз бастығы) үйінің алдына кешке қарай ауыл адамдары жинала бастады. Жаздың тамаша кеші, желсіз тынық ауа, жер беті жасыл жұмсақ төсегендей. Осы кезде, жиналған жұрттың ортасында мен танымайтын бір адам қолында домбырасы бар, кілем үстінде отыр.

Орта бойлы, кең йықты, жазық маңдайлы, маңдай шашы жоқ, мығым денелі кісіден көзімді айырмадым. Бір кезде әлгі адам, ұшар құстай қомданып алды да, домбыраны қағып - қағып жіберіп, әнді шырката жөнелді. Ұзақ өлсн айтты. Енді бір байқасам, орнынан қозғалып, домбыраның ырғағымен, құйрығымен жылжып барады. Ксйде домбыраны қолынан серпіп жіберіп, қайта қағып алады. Ұзаққа шабатын жүйріктей қызып алғанда, бой бермей кететін сияқты.

Жұрт қошеметтеп: Иса, жаса! Жаса, Исакем! - деп дүбірлетіп, айқай салып жатыр. Осы түнде ұзақ қиссаларды айтты. Мен ағамның алдында отырып, аңырып қалышын.

Қысқа түн. Таң бозарып атып қалған. Мен ұйықтап кетіппін. Кәлміш жеңгем көтеріп алып, төсекке жатқызыпты. Ертеңгі күні тұрсам, әлгі көрген адамым жоқ, кетіп қалыпты.



Осыны Исаның 100 жылдық тойы боларда өткен өмірдің кезеңдері көз алдыма елестеп, аруақты дауысы құлағыма қайта келіп, естіліп тұрғандай болды. Ақыры, мен сол көргенімді телестудиядан және «Отарқа» газеті арқылы жария еттім...

Ел - жұрт аман, кең тыныштық, алыс - жақындар бір-бірімен араласып жатқан кез. Ара - тұра ауылдарда келін түсіру, қыз ұзату тойлары болып жатады. Осылай жанға жайлы, тыныш өмір, көңілді күндер өтіп жатты.

Бірақ бұл ұзаққа бармады...

Соғыс басталды. Ел іші дүрбелең, адамдар бір-біріне не істеген, не болып қалғанын білмей жүгіріп жүр.

«Соғыс, соғыс басталды» - дейді. Аспаннан қара бұлт төнгендей, жұрттың тынысы тарылып, ауыр күйге түсті. Сол-ақ екен, шақыру қағазы келіп, ел азаматтары біртіндеп кете бастады. Баласын қимай жылаған ата-ана, жолдасынан айырылып, жіберуге қимай жабысып алған келіншектер, ағатайлап жылаған іні-қарындастардың зарлы дауыстары даланы күңіретті...

Аға аманаты

... Бір күні таңертең далаға шықсам, ағам үйінің алдында, ақ койлекті, орта бойлы, сұлу сымбатты бір адам тұр. Мен оны танымай тұрмын.

- Қайрош! Бері кел! - деген таныс дауысын естідім. Жүгіріп барсам, өз ағам Төлеу. Ертіс ауданында мұғалім еді. Оған да «Шақыру» қағазы келген. Шарбан деген жеңгеме үйленгеніне 1-2 ай ғана болған. Үйіне, ел-жұртпен қоштасуға келіпті. Тағы да жылау, айырылмай жабысу, мен



де сол ағама жабысып, бір елі соңынан қалмадым. Аттандырар кез. Жылап-еңіреу, жабысып айырылмау. «Құлыным-ау!» Аман келші! - деп кемсендеп жылап тұрған ата-аналар. Бір кезде Төлеу ағам:

- Қайрош, бері келші! - деп мені шақырып алды.

- Жігіт болып өс, ағаңның жолын ұста! - деп мені көтеріп алып, бетімнен бір сүйді де, жүре берді...

Менің Қаукен, Төлеубай деген ағаларым Қиыр Шығыста тұрды.

Төлеу Иркутскіде үшқыштар мектебінде болып, 1943 жылы қаңтар айында, Курск майданына қатысты. Мен соңғы уақытта ағамнан хат ала алмай қойдым. Оның сол майданда ерлікпен қаза тапқанын бірнеше жылдар өткеннен кейін «Ради жизни на земле» деген кітаптан білдім.

Аға лейтенант Изотовтың «Побратимы» деген мақаласынан, Төлеу ағамның ерлікпен қаза тапқанын сонда бір-ақ білдім.

Ұлы Отан соғысының 50 жылдық Жеңіс күнінде облыстың «Сарыарқа самалы», «Звезда Прииртышья» газеттерінде ағамның ерлігі жөнінде «Жалындап өткен бір бейне», «Один из героев экипажа» деген мақалалар шықты.

Майданда ерлікпен қаза тапқан, кетерінде айтқан бір ауыз аға сөзін орындап, 40 жылдан аса ұстаз болдым.

Енді елде кім қалды? Кеткен адамдардың көбінен «қара қағаз» келіп жатыр. Ел-іші тағы да жылау да еңіреу. Еңкейген кәрі, еңбектеген жас бала мен жесір әйелдер. Мұндағы халыққа да оңай тиген жоқ. Ер азаматтардың істейтін жұмыстары ауыл әйелдері мен буыны қатпаған 13-



14 жасар біз сияқты балалардың мойнына түсті. Соқа мен тырмаға елдің сауып отырған сиырларын жегіп, жер жыртқыздырады.

Жалаң аяқ, жалаң бас жүрдік. Қарнымыз тойып ас та іше алмадық. Бірақ, біз ешнәрсені ауырламадық.

Зорлық

«Бірәу тойып сскіреді, бірәу тоңып секіреді» - деген дейін.

«Қалған елге теке айғыр, Қалған көлге бақа айғыр» болып шықты. Ксібір еркексымақ болып қалғандар, жесір әйелдерге күн көрсетпей, өзінікін қойып, жас келіншектерге қырындап, қорқытып еркектігін көрсетуге айналды. Бірақ оған көбі көнбеді.

Жесір әйелдерге қырғидай тиетін бір пәле шықты. Соғыс жылдарында өзіне өтірік «аурумын» деп жара салып алған ауылдық Кеңестің төрағасы болды шықты. Осы сары тәнек, майлы жылтыр бет, аздап тебіндеп шыққан мұрты бар, орта бойлы келген осы пәле әйелдерге қырғыдай тиді. Қара тірәшпенке, жуан қара ат жеккен ол кешке қарай, егін басындағы әйелдер қосына келіп тұрады. Сөз жоқ, ұнаған әйелін тірәшпанын мінгізіп алып кетеді. Түн ортасында қайтып келеді. Қайда апарды?! Не істеді?! Ешкім білмейді! Соңғы кезде ол келе жатса «Тағы қайсымызға құрық салады» деп көрінбей қашатын болды. Мен бала болсам да (14-15 жастамын), осының бәрін көрдім. Бірде жеңгемді де жылатқаны бар...

Соғыстың осындай жарасы, осындай зорлық әрекеті



кімнің басына да кездеспеді дейсін...

Жазықсыз адамды жылатқан оңама. Сол Сарымыртық, сары тәпек қор болып, ұзақ ауырып, өлді. Алла сазайын өзіне тартқызды. Жазықсыз зарлатқандардың көз жасы жіберген бе, оның да отбасы тоз-тоз болып кетті.

Нағашымның ауылында. Менің нағашы жұртым: Алқұл - Қошарымбет ауылы деп атады. Нағашыларым: Дүйсенбай, Бейсенбай және Қалы. Осы ауылда Алқұл орта мектебі болды. Соғысқа кеткен Қалы нағашымның үйінде тұрып оқыдым. Бәтия нағашы жеңгемнің бауырында бір жарым жасар Шәймерден деген бала калды. Дүйсенбай нағашым ауқатты тұрды. Нағашымның Күлкен деген бой жеткен жалғыз қызы болды. Сол нағашымның қызы мені бір ерекше көріп, үйіне барсам жібермей, өз қолынан тамақ беретін еді.

Неге? Не үшін, білмеймін?!... түсінбеймін. Мен тамаққа тойғаныма мәзбіп.

Баға келсем, мұның бәрін кейін сездім. Мен барғанда бір хаттарды оқып отыратын. Кейін білсем, ол ағамнан келген хаттар екен... Кейде көзінен жыламшы жас тамады. Соғыстың алдында ағама құда болып айттырып қойған екен. Бірақ сол нағашымның қызы Күлкен көп жөтелумен, жіңішке аурудан дүниеден көшті.

Есейген қыздар. Ауыл қыздары Жарылгасын, Зейнеп, Үкітай, Балкен деген қыздар, жас шамасы 18-19-ға келіп қалғандар. «Жиен» деп маған істемейтіндері болмады. Осы кезде ауылға соғыстан жаралы жігіттер келе бастады. Ол қыздар енді біздің үйге келуін қойды...

Ренішті хат. 1945 жылы мамыр айында нағашым Дүйсенбайдың үйіне Омбыда тұратын Қыстаубай дегеннің қызы келді. Жас шамасы да, менімен шамалас 16-17-нің

маңайында.

Қала қызы сымбатты киінген, қыр мұрын, қыпша белдің дәп өзі. Мінезі мен езу тартқан күлкісі, ботаның көзіндей мөлдіреген қара көзі, жүзіктің сынығындай қиылған қара қасы, жарқыраған ақ мандайы мен аққұбаша келген көркем сұлу келбеті, бір ерекше жаралған қордың қызындай еді. Оқудан келген соң мен: «Жалғыз отырма, мына көлді, жасыл даланы аралап қайтайық» - дедім. Оған көнді. Ұзақ жүріп, кең даланың жұпар иісті шөпті гүлдерін теріп, үйге қайттық. Мен де сол кезде қызға гүл ұсыну дегенді білмеген жанмын. Осылайша бір-бірімізге жақындасып, тағы да серуен құру, бос жүрумен күн өткіздік. Бірде мен ауылдың сыртындағы аққайың, қалың ағаштардың арасына, кешке қарай серуендеп қайтуды қолқаладым. Оған келісті. Нағашыларым үйінде болмай қонаққа кеткен. Біз інір болысымын сол аққайыңның ішіне кірдік. Ол «тоңдым» десе, бауырыма басып, қысатын болдым. Ол менің бауырыма тығылған сайын жүрегім алып ұшады.

Бір-бірімізді қашан көргенше асығатын болдық. Бірақ, бірақ көпке ұзамады... Ол кенеттен Омбыға баратын адамдармен өз үйіне жүріп кетті.

Ауырып, төсек тартып жатып қалған екен. Енді мені көре алмайтындай, кешу ретінде, ақыры өмірден үмітін үзіп, қоштасу ретінде өлеңмен жазған хатын алдым. Сондағы айтқан сөздері менің жүрегімде мәңгі сақталып қалды. Хатын көпке дейін, сарғайып күл болып біткенше сақтадым. Өмірден осылай «жылап өткен махаббат» болды.

Жазған өлеңі мен аманатын енді жарық дүниеге



шығарайын. Неге жасырайын.

Хат алдым бүгін сенен өлендеткен,
Рахмет, онда барлар бәрі кеткен.
Ауырып, төсек тартып жатып алдым,
Көзіме көрінбейсің, сен де көптен.

Көзіме елестейді, өткен күндер,
Өзіңмен қол ұстасып, жүрген жерлер.
Айлы түн, аққайыңның арасында,
Сырлап, сырды ашқан сол бір түндер.

Қайтейін төсек тартып, жатып алдым,
Өткен күн, көзге елестеп, қапаландым.
Жас өмір, жастық шағым мұңды болды,
Ойлаған мақсатыма жете алмадым.

Келбетім, нұрлы жүзім қандай еді,
Жарқырап, жаңа туған айдай еді.
Ет кетіп, қапым солып, мен жатырмын,
Келсен де танымассың, енді мені.

Екі қол хат жаза алмай дірілдейді,
Дамылсыз жөтел келіп, күркілдейді.
Жүрегім, бір өзіңе тіл қатқандай,
Іштегі мұңды-шерді жеткіз дейді.

Алғашқы кездестірген Құлалайың,
Өзіңе кез болып ед, күн мен айың.
Өткен күн, көрген түстей өте шықты,



Асыгыс болған іске не кылайын.
Жібердім, жансыз сурет бір өзіне,
Қарарсын, көп қарасаң келбетіме.
Егерде тірі жүріп өмір сүрсең,
Сақтарсын, мәңгі мені жүрегіңе.

Бұл менің саған жазған соңғы хатым,
Белгілі бір өзіңе менің атым. (Т...н)
Тілегім, семья құр, ұрпақ өсір,
Орында сүйгеніңнің аманатын.

Омбы қаласы
10-20/VI-1945. Мәңгілік есте. Алқұл ауылы

Қараөзек ауылында. Ұстаздық өмірімнің басталуы.

... 1945-1946 оқу жылында Алқұл орта мектебін бітіретіндердің алғашқылары біз болдық. Сонда, тек 6 оқушы ғана бітірдік. Олар: Омаров Айнабай, Әлімжанов Ишақан, Тоқтаров Кеңес, Жүнісов Солтан, Бекбауова Зәйкеш және мен өзім. Осы оқу жылы бітірерде бізге соғыстан қайтан ұстаз-жауынгерлер келіп сабақ берді. Қасымов Таукеш (шын аты Тәуекел) мектеп директоры болды. Ұстаздарым: Тәңірбергенев Төлеген, Базарбек, Әлин Жұман, Шайхысләмов Бейсенбай және Омарова Әмина (соғыс кезінде бізге сабақ берген ұстаз). Бұл ұстаз нағашым Тәукешке тұрмысқа шықты.

Соғыс жылдары күніміз ауыр еді. Кітап жоқ. Бар болса, бір-бірімізден кезектесіп алып оқимыз. Дәптер жоқ.

Газетке жазамыз. Бірақ біз – бәріміз бір анадан туғандай тату – төтті болдық. Жасыратыны жоқ, аш құрсақ болып жүрдік. Ортамызда жалғыз қыз Зәйкеннің әкесі «Фрунзе» (Қозған ауылы) колхозының бастығы еді. Сол Зәйкен үйіне барып, тамақ әкеліп, бізді жарылғап тастайтын. Кеңес болса, біздің көңілімізді көтеріп, ойын – күлкіге айналдырып, бойымызды бір сергітіп кететін. Сол қиын кездегі парталас жолдастарым бәрі де қазір өмірден өтті.

Соғыс кезінде бізді Омбы педучилищесін бітіріп келген Омарова Әмина ұстазымыз да өмірден өтті.

Сонымен біз 6 бала 10 сыныпты бітіріп шықтық. Үлкен той болды. Ат шаптырып, палуан күрестірді. Бізге мектеп директоры Қасымов Тәуекел «Орта мектепті бітірді» деген аттестат берді. Біздің оқу бітіру тойымызға Дробышев аудандық оқу бөлімінің бастығы Әміренов Сапархан ұстаздық жолдамаға «Бұйрық» берді.

Мен Қараөзек жетіжылдық мектебіне «Бұйрық» алдым. Өйткені, соғыстан аман келген Қаукен ағам сол мектепте мұғалім еді. Мені сұрап «інім» деп өз қарамағына алған ғой. Келген жерім, «Құланқыпшақ» ауылы кешегі батыр Қошқарбайдың тұқымдары тараған көп ел, көп ауыл. Елінде үнемі думан-той, ат жарыс, айтыс және күш сынасар палуан білекті жастар өнерлерін көрсетеді екен. Бұл жерде, Қараөзек ауылында кешегі алып күштің атасы Қажымұқан да өнерін көрсетіп, үлкен тойлар өткізген жер. Бұл туралы «Сарыарқа самалы» газетінде жазған мақалам да бар. Елі сауықшыл, өнерпаз және көпті көрген көне көз ақсақалдары болды. Атап айтқанда, Сапар (Әйнебек болыстың баласы), Тұрсын, Рахымжан Солташтардың өмірі бір-бір тарих сияқты. Олар сөйлегенде, жұртты ауызына қаратып, таңдай қақтыратын.

Тарихи шежірелерді көп айтатын. Жастықтың әсерімен сол адамдардың ауызынан шыққан асыл сөздеріне құлақ қоймағанымға осы күнге дейін өкінемін.

Мен осы елде 16 жыл тұрдым. Үйлендім. Кетерімде мынадай бір өлең жолдарын жазып кеттім.

Ауылыңа ұстаз болып келіп едім,
Қараөзек – думан-тойдың жері едің.
Бұл күнде араңыздан алыстадым,
Келеді сол жерлерді қайта көргім.

Тыңдасаң, үлкендердің айтары бар,
Еліңнің өткен күннен тарихы бар.
Әнші де, өлеңші де, палуан да,
Бәйге салып, топты жарып шыққандар бар.

Ауылыңнан жайрандаған жас та шықты,
Жаста болса, ақылды бас та шықты.
Бермеген ел намысын, ер мен елге,
Кезінде олардағы болды мықты.
(Жаркен, Монай, Қабыкәндер).

Жаркен - Әділханның әкесі, менің қайнағам,
Болып ед, сөзге жүйрек шешендері.
Кешегі Қажыкәндің жүрген жері, (Қажымұқан)
Өнерін алып күштің көрсетіп ед
Түйені бүктіріп ед, білектері.

Мен осылай 1946 жылдан 1962 жылға дейін осы ауылда мұғалімдік қызмет атқардым. Туған ағам Қаукәндің,

жеңгем Жібектің қолында болдым.

«Еркежігіт, үйленетін уақыт болды»

Жас жігіт, сұр бойдақ, қайда көңілді кеш, қайда ойынсауық болса, Қайролла сонда жүреді. «Тамағым тоқ, көйлегім көк» деген дейін ешнәрссні ойламадым. Жібек жеңгем менің атымды атамай «Ерке жігіт» сенің үйленетін уақытың болды ғой, міне, жасың 22-ге келді деді. Үйлену деген кімнің ойында бар. Сал жігіт, дал жігіт болып жүріп жаттым.

Ағам Қаукең соңғы кезде мектеп директоры және сол колхоздың (Сталин атындағы колхоз) партком хатшысы болды. Бедселді, абыройлы сол ауылдың көп адамдарымен сыйлас болды. Сол кезде колхоздың мал шаруашылығының фермасын басқаратын Жар (шын аты Жаркен) Мұхамеджанов деген ағаммен шамалас жалғыз жігіт болды. Әйелі Бикен біздің үйге келіп, Жібек жеңгеммен көп отырып, көп әңгімелесіп кететін. Кейде оларды қонаққа да шақыратын. Сол Жардың жалғыз қарындасы - Мәмпес. Бірде ойламаған жерден Жібек жеңгем:

- Саған қыз айтырып, құда боламыз, – деді. Мен «қайдағы қыз» деп аңырып қалыппын. Ол кезде үлкенге қарсылық жоқ, олар айтты бітті, қайда барасың. Айтқаны - сол Жардың қарындасы Мәмпес. Өзім де сол қызды сырттай ұнатып жүруші едім, ойымдағыдай болды.

Жеңгем: Туламайсың ғой, өзің де ұнатады екенсің, - деп күліп жіберді.

Мені сонымен 1949 жылы 4 қарашада үйлендірді.

Мәмпестің жүзі жайдары, мінезі сүйкімді, аққұбаша, бидай өңді, беліне төгіле түскен ұзын шашы бар, ажарлы

да, көрікті еді. Біз бір-бірімізге сүйіп қосылған Төлеген мен Қыз Жібектей болдық. Үнемі менің қасым мен қабағыма қарап, жылы жүзімен езу тартып, күліп қоятын. Ол күлгенде мен де күлемін. Бір-бірімізден бір елі айырылмай бірге жүрдік. Өзінің домбыра тартып, өлең айтатын да өнері бар еді. Концерт қоярда бірге барып, бірге болып, өзімізше өнер көрсетіп жүрдік. Ол кезде әрбір тарихи күндер мерекесіз өтпеді. Соған концерт даярлап, пьеса қоямыз. Бірде біз «Терең көл» пьесасын қоятын болдық. Мен комиссар Ғаббасов, ол – Раушан релінде ойнады.

Өміріміз тату-тәтті, бір-бірімізді өте сыйласқан, көңіл қалыспайтын күндердей болып өтті...

1950 жыл 18 ақпан қуанышты күн.

Осы күні өмірге Еркінжас деген ұл бала келді. Біз сонда ата-ана болғанымызды бір-ақ білдік. Өмір, осылай өтіп жатты...

Дүрбелең

1953 жылдың жазы

Елде бір дүрбелең басталды. Хрущевтің заманы туып, ұсақ колхоздарды бір-біріне қосып, ірілендіру пауканы жүрді.

Ол кезде партияның дүрілдеп тұрған кезі ғой. Қоятын бастықты халықпен санаспай аупартком бірінші хатшысы Авраменко Афанасий Васильевич шала сауатты Нысанбеков Шарықбай деген кісіні алып келді. Жұрт түгелдей қарсы болып, қабылдамады. Дегеніне жетпей қояма. Ертеңгі күні прокурорды, аудандық сотты, милиция бастығын бірге ала келді. Жұрт шошып қалды. Тағы да сол

Нысанбекті сайлау туралы. Жұрттың жүні жығылып, ауыздарына су құйылды. Бір-екі қарсы болып сөйлегендерді, жауапқа тарту керек деді. Ақыры, дегеніне жетіп Нысанбеков Шарықбайды сайлап кетті. Ол елдің бетке ұстар азаматтарын жан-жаққа қойдай құды. Соның бірі болып, менің ағам да кете барды. Қыста амал жоқ, жас баламен қала бердік. Бізді аяп, Омар деген ақсақал үйіне паналатты, сол ауылдың ауқатты, тұрмысы жақсы адамы болды. Қорасы малға, омақасы азық-түлікке толған үй еді. Осы қайырымсыз дүние көпке бармады.

Қорадан шыққан өрт

Сол кезде «Күл жинау» деген науқан шықты. Шешей марқұм пештің күлін, мал қораның алдына төге берген. Ол күлдің ішінде жанбай кеткен шала шоқ болған. Өрттің кетуі содан болды.

Түн ішінде қора өртсініп, мал жанып, омақаға дейін от жалыны орап алып, түгел жиған-тергеннің бәрі кетті. Тек әйнекті бұзып, киер киімді ғана алып шықтық.

Сол күні Мәмбет Еркінжаспен екеуі ағасының үйіне кеткен. Олар аман қалды. Төсек-орын түгел жанып, тек киер киіммен ғана шықтық. Ертеңгі күні бізді қайнағам өз үйіне көшіріп алды. Үйіміз күйіп кетсе де, «Еркінжасты біздің бауырымыздан алмашы» деп екеуі зар жылады...

«Есің барда, еліңді тап...»

Адамның басы, Алланың добы.

Адам баласы өз тірлігінде не көрмейді.



Сондай қадірлі де, сыйлы болған елден амалсыздан айырылуға тура келді. Кешегі Хрущевтің сергелденге түсірген заманы. Қазақ ауылдарының мектептерін жауып, түгелдей орыс тілінде жүргізуді бұйырды. Осы кезде Омбы облысының орта және жеті жылдық мектептері түгелдей жабыла бастады. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей, оқыған қазақ азаматтары өз мамандығын ала алмай, жан-жаққа кетті. Мен көпке дейін шыдап жүре бердім. Мектепте қазақ тілінің маманы едім. Ақыры, тойтып отырып қалдым. Енді маған малшы болуды ұйғарды. Мен одан бас тарттым. Мені қорқытып партия жиналысына да салды.

- Мен өз мамандығым бойынша Қазақстанға кетемін, - дедім.

- Партия есебінен шықпай ешқайда кете алмайсың және сені ешкім алмайды - деді. Кейде осыған сеніп те жүрдім. Ақыры, мен бұрын орналасқан көз көрген адамдарды іздеп, қазіргі Ақтоғай ауданына келдім. Келсем, баяғы өзімді оқытқан Алқұл орта мектебінің директоры Қасымов Тәуекел осы ауданның орталығында мектеп директоры екен. Үйіне келдім. Баяғы өзімді оқытқан ұстазым Әминаны көрдім. «жолы болар жігіттің, жеңгесі алдынан шығар» дегендей, оларды көріп қуанып қалдым. Тәуекел маған нағашы болады.

«Қонырауың жоқ па?»

Мен ертеңгі күні аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Манап Әндіржанов деген кісіге бардым. Қабылдауында ұзақ отырдым. Менің келгенімді (Омбы жақтан екенін) хатшысы барып, кіруге рұқсат сұрайды екен. Кабинетінің ішінен



күжілдеген дауыс шығады. Ақыры кірдім. Қол беріп амандастым. Көрікті, денелі, ақ көйлек киген сымбатты адам екен. Бірден менің жөнімді сұрай бастады. Мен жағдайымды айтып бердім. Баспана таба алмай, қуғында жүрген адамдай, осы сіздерге қарай келіп отырмын дедім. Бірден түсінді. Мен сияқтылардың да бұрын келіп, осы жаққа орналасқаны болу керек.

- Партия қатарында бармысың?

- Бармын.

- Есептен шықтың ба?

- Жоқ.

- Ендеше, сен жігітім, ауданның бірінші хатшысы Махмет Қайырбаевқа бар. Өйткені, сен партия есебінен шықпағаның, еідігі жағдайыңды сол кісі шешеді, - деді.

Мен Қайырбаевтың кім екенін білмеймін. Баға келсем, ол Кеңес Одағының Батыры екен. Ол кісінің айтқанын екі стер, алдына келер кісі болмаған. Сонымен Махацшың алдына бардым. Жазық маңдайлы, кең иықты, қара торы, қою қара шашын артына қарай қайырған, тау қыранындай, өткір көзді адамның алдына келдім. Маған сабырлы жүзбен, менің айтуыма рұқсат берді, үнсіз маған қарап отырды да:

- Қоңырауың жоқ па? - деді

Мен түсінбей қалдым.

- Сен менің айтқанымға түсінбедің - ау, қылмысты іспен келіп отырған жоқсың ба? - деді.

- Жоқ, ондайым жоқ, - дедім.

Бірден телефон трубкасын алып, бір адаммен сөйлесті. Аржағынан «жарайды» деген дауыс шықты. Менің осы күнге дейін «Қоңырауың жоқ па» деген сөзі есімнен кетпейді.

Мен қайта айналып, өзім көрген оқу бөлімінің

менгерушісі Манап Әндіржановқа келдім.

- Жамбыл ауылының мектебіне барасың! - деп «Бұйрық» берді. Оның бұрынғы мектеп басқарушысы Ералинов Бердалы - соғыс ардагері науқастығына байланысты қызметтен босаған.

Жамбыл ауылында

1962 жыл 16 маусым. Осы күні көрмеген жер, көрмеген ауылға келдім. Бұл ауыл жаңада құрылған «Рассвет» совхозының екінші бөлімшесі екен. Орталықтан сүт таситын бір машинаға отырып келдім. Өзін таныстырды. Нұрғазин Қайыр деген адам. бұрын олда ұстаз болған екен. Мен де өзімді таныстырдым. Мені өзі ертіп, сол бөлімшенің бастығы Абшаев Шман дегеннің үйіне апарды.

Жаңа жер. Танымайтын адамдар. Сол күні жаңбыр жауып тұрды. Біраздан кейін үсті-басы су болған, орта бойлы бір адам кіріп келді. Таныса сұраса келсек, ол кісі үйдің иесі Шман екен. Мен осы елдің мектебіне мұғалім болып келгенімді айттым. Жеке отырып, түн ортасына дейін екеу ара көп сөйлестік...

Ертеңгі күні мектепке апарды. Көргенім ұзын бөлмелі клуб.

Осыны қазір мектеп қылып тұрмыз - деді Шман. Ішінде тағы да шағын бір бөлме бар. Сосын бұрынғы осы мектептің меңгерушісі болған Ералинов Бердалыны шақыртып алды. Біз қол беріп амандастық.

Өзімнің осы мектепке «Бұйрық» алып келгенімді



көрсеттім.

Сонымен не керек мектепті қабылдап алдым. Он шақты парта, бір үстел, бір орындық және бір шкаф тұр. Бар болғаны осы. Ішім жарымаса да, қарсылық қылар жайым барма, өзімше әктілеп ала салдым.

Мектепті дұрыстап жөнге келтіре бастадым. Парталар, өйнек, есіктер сырланды. Ендігісі маған отбасымды көшіріп әкелуге үй керек. Сол жағы кинады. Жоқты қайдан тапсын. Бір жағы контор болып тұрған, екінші бір қоспақты даярлады. Көңілім толмайды. Не істейсің көшіп келу керек. Оңдатып, ақыры сол бір қоспақты үйдің бір жағына кіретін болдым...

Ерулік

Жаңа құрылған совхоздың директоры Мұстафин Сүйіндік маған екі машина берді. Кеттік. «Елден ел кетсе - жүт, елге ел қосылса - құт» деген емес пе. Отбасыны алып шығу оңай болған жоқ. Екі бала, біруі -12-де, біреуі -14-те және кәрі шешей ежем бар. Қайын жұртым бәрі жиналып шығарып салды.

Ауылдың үлкендері: жолың болсын, Жаңа қонысын жайлы, тұрақты болсын, - деп баталарын берді. Сол кісілердің бағасын періштелер «Әумин» деген шығар, сол ауылда 37 жыл тұрдық. Таныстық, сыйластық. Ел адамдары, әсіресе үлкендері дәм беріп шақыра бастады.

Өздері сыйлаған соң, біз де солай сыйлай білдік. Бізді той-думаннан, жиынан қалдырмайтын болды. Шешейге де өзіндей сыйлы шешей табылып, көңілі жай таба бастады.

Көрші Басан шешей, Үмбет деген жалғыз баласы бар. Біз шешейді өте сыйладық. Шешей (өз шешем) екеуі бірге жүріп, біздің үйде бірге отыратын. Сол шешейдің адал жүрегін, шын ықыласпен берген ақылын мен мәңгі де ұмытпаймын. Өттен, шіркін сол шешейдің Үмбәті қайғылы қазаға ұшырады. Жалғыз ұлынан айырылып, шешей зарлап қалды. Бұл қайғылы өлім бізге де қатты батты. Мен ол шешейді өлі-өлгенше сыйлап өттім. Қайтқанда да жабдығын өзім басқардым. Сол елдің қадірлі адамдарын неге ұмытпайын. Талайының қолынан дәм ішіп, адал дастархандарының басында болдым. Сол адамдар қазір жоқ, дүниеден көшті.

Сыйластыққа не жетсін!

... Әділбай, Бейсенбі, Сәрсенбі, Қазтай, Қапият, Мұхаметәлі, Жағыпар, Рамазан, Қаби, Қайнолла, тағы басқа ақсақалдар. Өзімді балдыз деп, құрметтеп сыйлай білген Жәлел жездем, Қапиза апай қандай жақсы адамдар еді.

«Басы бар елге келсең, басың өсер, басы жоқ елге келсең, басың кетер» деген бар ғой. Сол адамдардың маған көрсеткен қадір-сияпаты, ақыл-кеңесі ешқашан ұмытылмас! Құрбы - замандас болып, дәм-тұзымыз бірге араласқан Қабылда, Мұхиден, Бейсен, Иман, Иманжапар, Сләмғали, Сләмбек, Бердалы, Тұрсын, Шайық. Айдар марқұмдардың кескін - келбеті, сөйлеген сөздері, әзіл де, жарасымды айтқан сөздері менің жүрегімде мәңгі ұмытылмай сақталып тұратын сияқты. Олардың әрқайсысының мінезі де, жүріс-тұрысы да, әзіл-қалжың сөздері де біріне-бірі ұқсамайтын асыл жандар еді. Әсіресе, Мұхиден құрбымен көп ойнап,

көп әзілдесуші едім. Оның өзіне айтқан ащы да, тұщы сөздерді кектемей «айта бер, ата бер» деп, басын бір сипап қоятын.

Бердалы марқұмды қалай ұмытарсың. Таза, өз бойын бапты ұстайтын, еңбекке ерен берілген Қалит ауданға, облысқа аты шыққан ел азаматының бірі еді.

Шман ел басқарған, ақ көңіл, адал жүректі, кішіпейіл адам еді. Бірақ өмірінің ақырында, өзі ойламаған ауыр соққыға кездесті. Соған да шыдады...

Нұрғазин Қайыр бұрын мұғалім болған, ешкімнің бетіне қарсы шықпайтын, өз ойымен жүретін, өз шаруасына мығым еді. Сондай көп жылдар бойы қадірлесіп, сыйласып, шәй деспеген Кәмой да дүниеден көшті. Осы аталған адамдардың бәрінің де кейінде өсіп-өнген ұрпақтары бар. Олар да ер жетіп, үйлі-баранды болып отыр. Солардың балаларына тәрбие беріп ұстаз болдым.

Мұғалім дейтін. Ел адамдары осы күнге дейін менің атымды атамай «Мұғалім» деп кетті. Елдің тойында үнемі менен бата тілейтін болды. Мен өзімнің адал ниетті ақ батамды беріп отырдым. «Ат тұяғын тай басар» деген бар емес пе, елде әлі де үлкендердің жолын қуып, кейінгіге ақыл айтарлары бар: Омар, Қайкен, Құрбан, Смағұл, Әлібек, Жамбыл Сол сияқты өздері де ата болып, ұлын ұяға, қызын қияға өсіріп отырған адамдар бар. Әлі де жалғыз бір төбе болып қалған, ел ақсақалы 80-нен асқан Қайыржан бар. Өзімнің жақсы көрер көршім, күні бүгінге дейін сыйласып келе жатқан Теміржан бар.

«Қайролла, шыда!»

1962 жылы қолға алған мектепте жұмыс істеу оңай болған жоқ. Өйткені мектепте күндіз сабақ берсем, түнде



кино қоятын, жастар жиналатын клуб болды. Енді маған екі оттың ортасында жүру керек болды. Кейде күйіп пысамын, кейде тастап та кеткім келеді. Мектепке істеген ісімді зая кетіреді. Қабырғаларды аяғымен тепкілеп, парталарды былғап кетеді. Олар солай кетеді. Ендігісін біз көреміз. Мәмпес екеуіміз түні бойы қайта орнына келтіріп, еден, парталарды тазартып,, ертеңгі сабаққа даярлаймыз. Кейде мектеп ішін жинауға Әділхан мен Еркінжас келеді. Бізді аяп шешейде бірге жүреді. Үйге түнгі 1-2-де келеміз.

Осы жағдайды айтып, талай жиналыстарда сөйлеп, аудан басшыларына да бардым. Бірақ осылай жасаймыз деген нақтылы сөз жоқ. Ел жастары бұл мектеп емес, салынған клуб деп өзіме қарсы дау айтады. Қайтесің, бәріне де шыдап, бәріне де көндім. Барар жерім, мұнымды шығарға барып айттатыным, ауданның оқу бөлімінің бастығы Манап Әндіржанов еді. Бұл кісі салынған клубты, еріксіз мектепке айналдырып берген екен.

- Қайролла, шыда! Мұны да бір ойластырып көрерміз, - деді.

Бір бетті, өткір тілді, айтқанынан қайтпайтын, ойлаған мақсатын орындауға жан салатын. Ақыры, қоярда қоймай 1967 жылы совхоздың екі бөлмелі үйін бастауыш мектептің жобасына айналдырып берді. Құрылысшылар келіп жаңа мектеп салды. Көз ашылды. Жеке шаңырақ алдық. Енді жаңа мектепке жанталаса еңбек еттім. Өзімінің де аз-маз қол өнерім бар еді. Жұмсадым. Мектеп ішін таза ұстап, көріктендірдім.

Бірде Манап келіп, көрді де, енді қалай көңілің тынды ма? Жігітім, аянбай істе. Үлгілі бастауыш мектеп қатарына

келтір, мен де саған қол ұшымды беріп тұрайын, - деді.

Айтқанында тұрды. Керекті көрнекі құралдарды, мектепке жаңа парта, үстел, тақталар, тағы басқа заттарды беріп тұрды. Жаңа оқу жылына мектептің іші-сыртын таза ұстап, көрікті еттім. Өзі де дамыл таппай келіп тұрды. Бұрынғы көргенінен өзгерістердің бар екенін көріп, тағы да не істеу керектігіне ақыл-кеңес беріп тұрды. Мектебім, өзімнің іс-тәжірибем жөнінде бірнеше рет баяндамалар жасап, мұғалімдер конференциясына «Стенд» даярладым.

Бұған өзіммен бірге Бақыт Темірбаева, Күлбарам Әлжанова, Мәнзила Мусина көп көмек көрсетті. Біз уақытпен санаспай, кешке ас ішіп келіп, істейтін жұмысымызды қайта жалғастырамыз. Осылай істеген ісіміз, көзге көрініп, еңбегіміз алға басты.

Бастауыш мектептің оқу-тәрбие жұмысы жөнінде облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтына «Стенд» апардық. Осы жөнінде бастауыш мектеп бөлімінің меңгерушісі Елеусіз Қырықбайқызы Шапаеваның өзі келіп, ақыры осындай «Стенд» жасап әкелуді ұйғарды. Онымен бірге қоймай екеуіміз «Телестудияға» шығамыз, соған даярлан, - деді.

Сонымен не керек, телестудияға қолдан жасаған көрнекі құралдарымды жинақтап, айтатын сөздерімді даярлап, Елеусіз екеуіміз телестудияға шықтық. Ол кісінің қойған сұрақтарына (бізге берілген уақыт 20 минут), сабақ жүргізуде көрнекті құралдардың қандай пайдасы бар екендігіне тұжырымды жауап беріп отырдым. Өзі де өз көзімен көргенін, менің мектебім туралы айтты. Берілген уақытты бойынша біз осылай аяқтадық...

Ертеңгі күні маған құттықтаулар келіп жатты.



Еңбегім елжусіз қалған жоқ. «Қазақ ССР оқу-ағарту ісінің озат қызметкері» атағын алдым. Бірнеше рет, аудандық, облыстық мақтау грамоталарымен марапатталдым. Аудандық және облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде мен туралы бірнеше мақалалар шықты.

Мен ақыры, сол Жамбыл бастауыш мектебін сегіз жылдыққа айналдырдым. Оңайлықпен келген жоқ. Тағы да сол Манаптың күшімен ашылды.

Соңғы ұстаздық еңбегім, ақыры осы сегіз жылдық мектеппен бітті. 1974 жылы ашылды. Маған директор болуға бұйырды, бірақ келісімді бермедім. Өйткені, 60-ты алқымдап жас келіп қалды да, бұрынғы күш-қайрат азая бастады. Мектепке жаңа директор Қамысбай Ықыласов келді. Мені оқу-ісін басқарушы етіп тағайындады.

Жанат десе Жанат еді...

Енді жұмысты көп адамдармен істейтін болдық. Жаңа мұғалімдер, ұстаздар келе бастады. Мектеп жұмысы алға басты. Қамысбай менен гөрі жас қой, мектеп басқару ісіне бар күшін сала аянбай кірісті. Тағы да Жамбыл сегіз жылдық мектебінің аты шыға бастады. Атап айтқанданда: Хамзина Бақытжамал, Үсейінова Жанат, Матаева Гүлшәкар, Башарова Шәкар, Ықыласов Жұмабай, Ералинова Ғалия.

Мектепте көңілді кештер, қызықты пән апталықтары, бірнеше үйірмелер жұмыс істеді. Мұғалімдер ұжымы өте ұйымшыл болды.

Үлкен деп Қамысбай екеуімізді өте сыйлайтын. Әсіресе мектептің абыройын көтеруде Үсейінова Жанат

Мұратқызының көп еңбегі сінді.

Сол Жанат совхоз орталығынан келіп, уақытынан бір қалмайтын, тіпті, суықты, боранды күндерде келіп қалатын. Ренжіссіз, елгезек, ақыл-ойы мол, өзінің ұстаздық қызметіне өте берілген еді.

Сол өзінің еңбегін аудан алдында да көрсете білді. Ашық сабақ жүргізіп, өзінің іс-тәжірибесін, өзі аттас орыс тілінен сабақ беретін мұғалімдерге көрсете білді.

Шіркін, Жанат, өмірден жастай кеттін, қайырымсыз ажал, қара жердің бауырына сені де алып кетті-ау. Өкініш!...

Шебер ұйымдастырушылық қабілеті бар, өзі берген пәніне жетік,

қол өнері бар Хамзина Бақытжамал да осы мектепке көп еңбегінсіңірді. Ақ көңіл жарқын, білерлігі мол, үлкенді сыйлаған, сол Бақытжамал әлі де қай жерде жүрсе де, сыйлы, қадірлі абыроймен жұрт алдында көрініп жүр.

Мектеп сенімді қолда. Қазір бізден кейінгі сол мектепті Жанаттың туған інісі Қанат Мұратұлы Үсейінов басқарып отыр.

Қанат өз жұмысына берілген, іскер жігіт. Өмірдің осындай қиын кезеңдерінде, мектептің ауырлығын өз мойнына көтеріп, дамыл таппай, жоқтан бар етіп, мектеп атын аудан алдында шығара білді. Ынталы да, жігерлі басқарушы. Мектепті қыста жылы ұстауға қолдан пеш жасап, кластарды жылылыққа айналдырды. Салтанат екеуі (жұбайы) совхоз орталығынан өз машиналарымен келіп тұрады.

- Неге? Не себепті?

Оның да бір мәні бар. Өз әкесі Мұрат о да көп жылдар бойы ұстаздық еткен, қазір заңды демалыста. Жолдасы Бәтен

о да ұстаз болған, дүниеден көшті. Жалғыз әкесін қимай, сол үшін Жамбылдан үй алмай, келіп тұрады.

Кәрі, үйдегі әкеге қамқоршы болып, сол үшін қызметті келіп, кетіп істеп жүр. Әкені сыйлаған, әкеге қамқоршы болған балаға не жетсін!...

1987 жыл 15 тамыз. Ұстаздық жолында 42 жыл еңбек етіп, заңды демалысқа шықтым. Мұғалімдер ұжымы өте құрметпен, сыйлап шығарды. Үстіме шапан жапты. Аудандық оқу бөлімі де сондай сый-құрмет көрсетті. Өзімнің ұстаздық жолымды ұстаған ізбасарларым қалды. Атап айтқанда: Майра Хамитова, Қымбат Жақыпова, Күлжан Хамиева, Ләззат Нұрпейісова, Ғалия Ералина, Бақыт Хамитова, Ләззат Тәшенова, тағы осындай менің жолымды ұстаған, тәрбиелеп шығарған сол шәкірттеріме, бақытты өмір беріп, абыройлы, жемісті етулерін тілеймін. Өмірдің жақсылығына ақ тілегімді айтамын.

Отбасым туралы

Өмір тіршілігіміз күннен-күнге өзгеріп, тұрмысымыз жақсара бастады. Бізде 1969 жылы жаңа үй тиді. Үлкен қуаныш!

Әділхан, Еркінжан екеуі де ержетіп қалды, 1967 жылы Әділхан әскер қатарына кетті. Біз апасы Мәмпес екеуіміз мектептің бір бөлмесінде шығарып салу ресімін жасадық. Сол кезде өзіммен бірге істейтін Света, Қымбат, Бикен келіп, өздерінше көңілді кеш өткізді. Жастар ғой, жастың арманы бар шығар?... Мүмкін солардың біреуі Әділханды ұнатқан да болар... Ауыл жастары, тең-құрбылары шығарып салды... Әділханның өзімен бірге ойнап-күліп

жүретін жолдастары болатын. Атап айтқанда: Есен, Қасым, Дәуіт және Үмбет солармен бірге болып, өздері бас қосып, Басан шешейдің үйінде мәз болып, бір-бірімен құшақтасып жататын. Шешей марқұмның оған да тарлығы болмады ғой. Өзі келіп біздің үйге жататын.

Әділхан әскери міндетін бітіріп келе жатқанда мен демалысқа келген Еркінжасты вокзалға апарғанда, екеуі бір-біріне кездесе кетті. Қызық-ай!

Уақыт тығыз. Еркінжас міндетін поезд қозғала бастады. Қайта-қайта құшақтасумен бірін-бірі қимай айырылысты...

Қызық өмір. Қуанышты күндер

Бірін жөнелтіп, бірін үйге әкеле жатырмын.

Әділханды алып келдім, есік ашыңдар! – дегенде, шешей мен апасы нанбай қалды. Есікті ашқан Мәмпес «Ой, бауырым – ау» деп құшақтай алды. Шешей де қойлекшен, жалаң аяқ жүгіре шықты.

Үлкен қуаныш. Көңілді түнді біз осылай өткіздік.

Өмір, өмір жылжып алға қарай өтіп барады...

Бір-екі жылдан кейін әскери қызметін өтеп, Еркінжас та келді. Үй толды. Көңіл жайланды.

- Ендігі арман не? Шешесі нені армандайды?

Арманы Әділханды үйлендіріп, соның қызығын көру. Мәмпес те соны ойлайды. Тағдыр бізді оған да жеткізді.

1973 жыл 4 қараша. Әділхан «Ақкөл» совхозының директоры Мусин Хамиттың балдызы Балқияға үйленді. Біз Әділханның Омбы жағындағы әке жұртына хабар бердік. Бәрі де жаны-құты қалмай түгел келді. Өзімнің

ағаларым: Төлеубай, Қаукен, Әділханның әкесімен бірге құрдас Мәнай, Қабыкәеннің әйелі Көжай (шын аты Рабиға) ағасы Әмірғалы, өзімен балалық шақта бірге өскен Кәдірхан және Шарлақ ауданының «Коммунист» совхозынан Қайыркелдінің қызы Алтын келді. Бәрінің айтатыны: «Өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды» - дейді. «Мен Әділханды үйлендіремін» деп барғанда, сол ақсақал жылап жіберді.

«Қайролла, мен саған ризамын» - деді. Тойға бір тай беріп еді, оны біз ала алмайтын болдық. Осы кезде күздің күні-түні жаңбыры және Ертістен пароммен бер жаққа өту керек. Осының бәрі қиын болды. Ақыры бізді құр жібермей үлкен семіз сектерден 6-7- еуін салып берді...

«Ақкөлге» құдалықты бастап, Төлеубай ағатайым барды. Бұл кезде Хамиттің дүрілдеп тұрған кезі еді. Аспа-төкпе той жасап, біздің жақтың адамдарын есеңгіретіп жіберген. Барған адамдардың бәріне бірдей киіт берген. Бізде олар жақтан келген құдаларға өз қолымызша құрмет көрсеттік.

Осылай Әділхан үйленіп, шаңырақ көтерді. Армансыз жан бола ма? Шешей енді, немереден шөбере көріп кетуді тіледі. Алла тілегін қабыл етті. Келесі жылы Бауыржан деген шөбересін көрді. Оның атын өзім қойдым. Алланың бергеніне кім қарсылық қылады, соңынан Раушан деген шөбересін тағы көрді. Шүкіршілік. Екі шөбересін алдына алып, енді мен «Бір Аллаға ризамын» - деді. Осыдан кейін көп кешікпей Еркінжас та үйленді. Одан да Ержан, Әлия деген немере көрдік. Екі ұл екі шаңырақ иесі болды. Мәмпес пен Шешейдің көңілі толды. Үйіміз жанға, қорамыз малға

толды.

Ауыр каза

1982 жылы 18 ақпан күні Мәмпес ойламаған жерден көмірдің астында қалды.

Ел-жұрт. Алыс-жақындар ащы өлімге жылауда, еңіреуде болды. Көздері жаудырап қыздарым Зәуреш, Бақытжан жылап-еңіреп қалды. Кішкентай Бақытжан (сол жерде 8 жаста) шошып кетті ме, қол-аяғы дірілдеп жүре алмай қалды. Зәурештің есі кіріп қалды ғой «Мама қайдасың, мама?» - деп жылай береді.

Маған да оңай соққы болған жоқ. Тобеден тас түскендей болды. Ауыр жүкті, ауыр қайғыны көріп, Мәмпестің артында бүкшиіп қала бердім.

32 жыл жасасқан өмір осылай өте шықты. Бірақ, шешей Мәмпестің бұл ащылы өлімін көрмей, бір жыл бұрын дүниеден көшті.

Мәмпес түн ұйқысын төрт бөліп, өсіріп келж жатқан Бақытжан мен Зәурештің қызығын көре алмай кетті.

Енді кішкене немерем Ержанды бауырыма қысып, Бақытжанымды Аллаға тапсырып мен жатырмын. Мәмпес марқұм да солай екеуін бауырына басып жатушы еді. Енді өзі қара жердің бауырында жатыр.

Түсі игіден түңілме

Күндер өтіп жатыр. Жалғыздық қиын екен. Ел адамдары мені аян «Қайролла, үйлең, жаси берме, бойыңа



қуат-күшті берік ұста» - дейді. Бес бөлмелі үй, әйелсіз күңіреніп тұр. Кейде үйге кіргім келмейді.

Осында өзіммен көрші болған бастас, ел басқарған ферма меңгерушісі Бейсен Сыздықов үнемі мені шақырып алып, ақыл-кеңес беретін. Ер, жомарт жігіт еді. Бір бетті, айтқанынан қайтпайтын «Беремін» дегенін беретін, өткір тілді еді. Ол менің тезірек үйленуіме себепкер болды. Менің осы кезде қайда болсам да, қадірім бар еді.

Өзіммен жерлес, маған нағашы болып келетін Сейфолла Жанарбаев қазіргі Ақтоғай ауданында бсделді бір қызметте болды. Жібек деген жолдасы бар, мұғалім еді. Біз осы жаққа келгелі, жақсы араласып тұрдық. Жібек Әділханның құдалығына да барды.

Бірде Жібек:

- Әй, Қайролла, Орынбаев Әлжанның Екібастұзда бір жесір қарындасы бар, күйеуі жоқ. Ондағы Ғаббас Құрмашев Әлжекеңмен бір туғандай адамдар.

- Сен сол Ғаббасқа бар! – деді...

Жақсы сөз, жарым ырыс. Мен енді Екібастұздағы Ғаббасқа тарттым. Ғаббас үйінде екен. Мені жақсы қарсы алды...

Көзінің қиығымен бір қарап қойды. Менде көз жүгіртіп, кескін келбетіне қараумен болдым. Отырысы жайлы, сабырлы адам сияқты «Жүзі игіден түңілме» деген бар. Көңілім қош бергендей болды. Сөзінің тоқ етері, өзінің Алматы жаққа жол жүріп келетіндігін айтты. Тамыздың 16-17-не қарай келсін, сонда сөйлесейік, - деді.

Сөздің байлауы оңға айналды. Түстен кейін екеуіміз дүкен араладық. Ендігі шешілетін түйін, Железинкада әке-

шешесі бар, солардан рұқсат алу. Біз кешкі пөезбен Павлодарға жүріп кеттік...

... Ендігі жолымыз Железинканың «Прииртышье» совхозына жету. Күлбарам өзі әке-шешесіне бәрін айтыпты, жайғастырған болу керек. Әкесі осы кезде ауыр, науқас төсек үстінде екен. Біз қонып шықтық. Ертеңгі күні, мені болашақ атам, Әлиғазы шақырып алып, батасын берді.

Көңіл жайланды. Бата алдым. Бст ашылды...

Жаңа өмір. Жаңа тірлік. Алғашқы күндеріміз сыйласу, қадірлесу, бір-біріміздің сөзіміздің екі етпеумен жақсы өмірді бастадық. Ел адамдары, жақын-туыстар шақыра бастады. Біз сый құрметке бөлендік. Тіпті, Омбы жақтағы ағайындарға да барып қайттық. Бәрі сыйлайды, бәрі қадірлеп, қойлек кигізіп жатады. Біз Төлеген мен Қыз Жібектей болып, үнемі бірге жүрдік. Ойын-тойларда бірде болдық. Бізсіз ойын-той өтпейтіндей сияқты болды. Бәрі «Төтелеп, аптайлап» үнемі қадірмен болды. Күлбарамның өзі де сол сыйласқан адамдарды, өзі де сыйлап, сыйлай білді. Қолы ашық, адал дәмін кімге болса да бере білді. Әлі де осылай.

Бір қасиеті, танымайтын адамды да, өзін таныстай үйіріп алады. Тіл табыса біледі. Шақырған қонағына беретін тамағының неше түрлісін жаяды. Қайда болса да, Күлбарамға жақын да, таныс та табылады.

Жақсы күндер осылай өтіп жатты...

... Ашу алдында, ақыл соңында – деген бар ғой.

... Қандай қиыншылықты болса да, ақыл мен сабыр жеңеді екен. Сол ақыл мен сабыр Күлбарам екеуімізді тоқтатты. Тұрақтатты.

Өмір осылай өтеді екен. Міне 20 жылға жақын өмір сүріп

келеміз. «60 пен 70 жылдық» мерейтойымызды да өткіздік. Балалар да үйленді. Үйлендірдік. Зәурешіміз тұрмысқа шықты. Үш азамат ұлдары бар. Әрсен, Мәди, Дамир бәрі де ер жетіп қалды. Бағлан, Теміртас, Арыстан жанұялары да іргелі үй болып отыр. Ұл өсіріп, қыз тәрбиелеп келеді. Жақсы тұрмыста, жақсы өмір тіршілігін жасап келеді.

Биыл Тимурды да (шын аты Теміржан) үйлендірдік. Нағашылары: Бағлан, Теміртас, Арыстан, Руслан, Нұрлан, Жантас көптен көмектесіп, апалары Зәурештің аруағы риза болатындай етіп, думандатып көпті шақырып үйлену тойын жасады. Тимур шаңырақ көтеріп, үй болды. Ата-енесі балаларынан аяғаны жоқ. Үйге деген дүниені, үйіп-төгіп берді.

Қазір Тимур мен Салтанат іргелі үйдің бірі. Дүниеге кішкентай нәресте келді. Атын Элмира деп өзім қойдым.

Кешегі анасынан жастай қалған, Бақытжаным, Павлодардың педагогикалық институтын бітіріп, менің жолымды қуып, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі дипломын алды.

Қызылордалық Мұрат деген жігітке тұрмысқа шықты. Үш кішкентайы бар: Серікболсын, Берікболсын, Ербол. Мен кейде оларды сағынып барып тұрамын. «Балалы үй базар» деген ғой, улап-шулап, кейде жылап, кейде күліп, үйді басына көтеріп жатады...

Кешегі өзім тәрбиелеп өсіріп, үй қылған, Әділханым



бұл күнде үйлі-баранды болып, іргелі отбасының бірі болып отыр. Балқия екеуі, міне 25 жылдан аса, қол ұстасып, өмірдің ащы, тұщысын бірге көріп келеді. Бауыржан, Раушан, Жанар деген балалары да ер жетті. Раушаны - Германияда болып келді.

Әділхан, қазір беделді, абыройы бар, алыс-жақынды сыйлай білетін, ақыл-ойы кемелденген шаққа жетті. Істеген еңбегім далаға кетпеген сияқты.

Еркінжастың жанұясында Ерлан, Руслан, Еркегүл, Нәзгүл деген балалары бар.

Тамара деген келіміз ақылды, кішіпейіл үнемі мені «аталап» тұрады. Үйіне барсаң жаңы-құты қалмайды. Барын әкеліп, менің алдыма қояды. Ерлан Алматыда нағашыларының қолында, сонда оқиды. Русланды мен былтыр Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ интернат-гимназиясына апарып, оқуға түсірдім.

Еркінжастың бойына туа біткен өнері бар. Суретші, әрі ағаш шебері. Ағаштан неше түрлі бұйымдарды, тіпті, адам кескіндерін де жасайды.

Наурыз тойына оның жасаған бұйымдары бірінші орын алып отырды. Қазірде «Атамұра» қалалық ұлттық орталық үйінде істейді. Оның жасаған бұйымдары жеке бөлмеде, көрнекілік ретінде тұр. Оқымай, өз бойына біткен дарындылық өнері бар. Бірақ істегендері, әр жерде шашылып жүр. Жеке өз алдына, мұражай ашуға боларлық істеген еңбектері бар.

Мен өзімнің, бәрінің орталарында аман-есен жүріп, қызық-қуаныштарыңды көріп жүргеніме «Өзімді бақытты

адам» деп санаймын.

Нақыл сөздер

1. Адам болып туған соң – адамға лайық ісің қалсын.
2. Өмірді ішіп-жеу үшін жасама, кейінгі ұрпақ-жұрағаттарың айта жүрердей сөзің қалсын.
3. Туыстарыңмен, достарыңмен, алыс-жақынмен сыйласып, қадірлесе біл.
4. Адам бойына үш қасиет керек:
 - 1) Сыйластық
 - 2) Татулық
 - 3) Бірлік
5. Сыйласа білсең, өзің де сыйлы боларсың.
6. Еңбек деген байлық бар, ерінбеген жетеді. Жалқаулық деген жебір бар, жермен жексен етеді.
7. Ашу мен жалқаулық аздырады, тоздырады. Ақыл мен сабыр бір болса, өміріңді жақсылыққа қарай озырады.
8. Жақсымен сырлас болсаң, көңілің шайдай ашылады. Жаманмен жолдас болсаң, қасиетінді қашырады.
9. Ердің жақсы болуы әйелдің қабағына байланысты.
10. Әйел адам жылы жүзді, жұмсақ сөзді болу керек.
11. Жақсы әйел ердің сөзін кектей қоймас, жаман әйел түбіңе жетпей қоймас.
12. Жақсы әйел - үйдің көркі, ердің көркі, көңілің болар әрқашанда көтеріңкі.
13. Адамға жақсы серік - өмір бағы, Патшаның неге керек алтын тағы. Сыйласып, қадірлесіп өтетуғын, ер жігіттің әрқашан жансын бағы.

II

Екібастұзда

Зымырап өтіп жатқан өмір адам басынан талай күндерді, талай жылдарды өткізеді ғой. Өз өмірімнің 37 жылын (1962-1999) Жамбыл ауылында (Ақтоғай ауданы) өткіздім. Сол елдің мектебінде 25 жыл ұстаздық етіп, заңды демалысқа шықтым. Бұл кезеңдер, өткен жылдар өмірімнің үлкен бір тарихы сияқты. Енді міне, дәмнің тартуымен, өмірдің тізгіні Екібастұз қаласына әкеліп тіреді...

Балаларым, ұшқан құстың қанатына мінгізгендей, 1999 жылы 26 тамызда М. Әуезов көшесінің 157- үйі, 1-ші қабатқа 3 бөлмелі үйге әкеліп қоныстандырды.

11. 09. 1999 жыл Күлбарамға жақын іні болып келетін Жамбыл Орынбаевтың 50 жылдық торқалы тойында болдым. Сол кеште жиналған адамдардың ішінен көбімен таныстым. Бұрын келіп, қоныстағандар. «Адамның көргенінен қормегсіні көп» дейді. Осы Екібастұз қаласына келгеннен бері, жақсы адамдарға, жақсы жайларға кездесіп жүрмін.

Адамның жақсы – жаман болуы өзіне байланысты ғой. Бұл жақтан да жақсы көршілер, сыйласатын адамдарды тауып алдық. Олар бізді сыйласа, біз оларды сыйлаймыз. Шақырысып, бір-бірімізбен дәм-тұзымыз араласып жатады.

Имандылыққа бет бұрдық. Маған бұл жерде Екібастұздың Мешіті ұнады. Жұма намазына барып тұрамын. Ораза айында ауыз бекітеміз. Күлбарам екеуіміз. Соңғы жылдары бес уақыт намазға бас идім.

Қолыма қалам алдым. Қалада «Отарқа» газеті шығады. Газет материалдары көңілге ұнамды, жан-жақты

мағлұматтар беріп тұрады. Осы газетті өзім үзбей алып тұрамын. Газет бетінде менің жазған мақалаларым да шықты. «Ұрпағыма ғибрат», «Өткен өмір елестері», «Батаның қасиеті», «Исаны мен көріп едім» деген бірнеше мақалам шықты.

Қаланың маған ұнайтын «Өнер» атты мәдениет үйі бар. Мен оған үзбей барып тұрамын.

«Атамұра» атты ұлттық орталық үйі бар. Мұнда ескі салт-дәстүрге байланысты «Қыз ұзату», «Келін түсіру», «Бесікке салу», «Жігіт сұлтаны», «Сымбатты сұлу Әйгерім», «Әжелер ансамблі» бар. Осы «Атамұрада» құрылған «Ақсақалдар алқасының» мүшесімін. Еркінжас осы «Атамұрада» істейді. Оның қолынан шыққан бұйымдары көрме ретінде көрсетілуде.

Қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы Хамметов Халел қажы. Бұл кісі өте кішіпейіл, ақкөңіл, жылы жүзді, ақыл парасаттылығы бар адам. Осы кісімен, ең бірініші Мешітте кездестім. Сұрай келсем, о да ұстаз болған адам екен. Мені өзінің машинасына мінгізіп алып, үйіне апарды. Біз, екі ұстаз көп әңгімелестік. Озінің өткен өмір тарихын айтты. Жібермей шай берді. Жолдасы Сәния да жақсы адам екен.

Халеке, сәлем бердім өзіңізге,
Қажылық жолыңыз бар ол бір өзге.
Мешіттің қақ төрінен орын алып,
Ерекше көрінесіз бәрімізге.

Мұхаммед пайғамбардың жерің көрдің,
Қуатты дін - Исламның елін көрдің.
Қажылық сапағына ғибадат қып,
Мекке мен Мәдинаның өзін көрдің.



Жолыңыз кейінгіге үлгі болсын,
Имандылық ниетіңіз қабыл болсын.
Отбасы, балаларың аман болып,
Бәріңе де қуанышты өмір болсын.
Қаланың Ақсақалдар алқасы бар,
Оны да басқаратын адамы бар.
Әр істі әділдікпен шешетұғын,
Ақыл айтып, жол бастар Халекең бар.

20.10. 1999 жыл

ЖАРИЯЛАНЫМ

Парасат иесі


Арамызда жүрген қарт ұстаз Қайролла Нұрмағамбетов Қостанбековтың 75 жылға толуына байланысты жарияланған «Өмір жолы өнеге ұстаз» деген мақалаға орай өз ойымды білдіргім келеді. Біздің ата-бабаларымыз өткен өмірді ойлаумен, толғаумен, жақсылық, жамандықты барлаумен, әділдік пен адамгершілік сынды ізгі мұраттарды көксеумен өткен.

Сол адамгершілік қасиеттерді өз елінде, өз жерінде 40 жылдан астам ұстаз болып, жас ұрпақты тәрбиелеу жолына жұмасаған Қайролла ақсақалдың атқарған қызметін атап өту орынды деп есептеймін.

Біздің өмірімізге соңғы он жылдан астам уақытта өзгеріс жасаған, алдымен, еліміздің тәуелсіздігі болды.

Құдайға шүкір, содан бері тіліміз бен дінімізге ие болып, жоғалып кете жаздаған ұлттық қасиеттерімізді түгендей бастадық. Уақыт өзгерісіне сәйкес көптеген

Суреттер сыр шертеді



Медеу айдынында, 5 қыркүйек 2004 ж.



*Солдан оңға қарай: Қайролла, Арғын қажы, Ерлан Арын, Дәнен (Әлкейқызы),
облыс әкімі Қайрат Нұрпейісов, Бибану қажы, Қасым қажы, Сайлау қажы.
Әлкей Марғұланнның 100 жылдық мерей тойында. (Көктебе ауылы).*



Қайролланың 70 жылдық мерей тойында, ортада бата беріп тұрған ағасы Қаукен, 15 тамыз 1997 ж.



*Солдан оңға қарай:
Еркінжас, Қайролла және Әділхан.*



*Солдан оңға қарай:
Қайролла, қызы Бақытжан, Күлбарам, Жумагелді, Ұлболсын.*



*Солдан оңға қарай:
Мәмпес, Қайролла, Зәуреш және Еркінжас.*



*Солдан оңга карай төменгі катарда:
Әділхан, Жанар, Балкия.
Жоғары катарда: Раушан, Бауыржан.*



*Балкия, Гулстан шешей, жогарыда тұрғандар:
Әділхан, Қайролла, Еркінжас.*



*Шешей шөбересі Бауыржанды аркалап келеді,
1975 ж.*




*Солдан онға қарай: Зәуреш, Қайролла, Құлбарам.
Түрегеп тұрғандар: Әрсен, Мәди және күйеуі Нұрлан.*



Совет Ақбар қажы мен Гүлжиян Ақбар қажы немере, келіндерімен бірге.



*Мұрат - Бакытжан балаларымен бірге:
Берікболсын, Серікболсын және Ербол*



*Хамметов Халел-қажы-Екібастұз
қаласының құрметті азаматы.*



Сайлау кажы, нөмересі Қуаныш және бәйбішесі - Шолпан.



Мұрат пен Әділхан жанұялары.



Қайролла мен Мәмпет, 1954 ж.



Ғаббас Құрмашев, Қайролла және Құлбарам.



*Балдыздарым:
Солдан оңға қарай:
Баян, Айнур (қызы) және Бақтыбай.*



Әсет, Теміргас, Кұлбарам және Қайролла



*Мұғалімдер коллективі:
Сөйлеп тұрған мектеп директоры Қамысбай Ықыласов.*



*Қайролла, Құлбарам, құдасы
Мыңжасар.*



*Руслан нөмере: атасы Қайролламен
бірге.*



*Мұғалімдер коллективі: солдан онға қарай
Әлжанова Күлбарам, Бейсенбаева Қапиза,
Қостанбеков Қайролла, Темірбаева Бакыш*




Жамбыл сегізжылдық мектебінің мұғалімдер коллективі, 1978 ж.



*Солдан оңға қарай: Шакар Башарова
келінім, нөмерлерім: Әлия, Ержан.*



Бағлан мен Теміртас жануялары.



*57 жылдан кейін кездестірген өмір.
Қайролла, Ғаббас Құсайынұлы.*



*Солдан оңға қарай: Зикен Хамитов, құда (Ғаббас құдасы),
Қайролла, Күлбарам, Зылиха және Күлбарам (Ғаббастың әйелі).*

адамдар мешітке барып, имандылық жолына түсті.

Мешітке баратын адамдар күнделікті тіршілікте кездесетін қиыншылықтарды бір сәт ұмытып, пенделік күпіршіліктен арылып, Аллаға құлшылық ниетпен барады.

Солардың бірі - осы Қайролла ақсақал Мән Кәкеңмен алғаш рет Мешітке кездестім. Омырауындағы «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» деген белгісінен оның оқу-ағарту саласында көп жыл игілікті қызмет атқарғаны көрініп тұрды.

«Адамдықтың белгісі - иіліп сәлем бергені» - дейді қазақтың мақалы. Таныстық, әңгімелестік, тіпті, Кәкеңді жібермей, үйге алып келдім. 75 жас адам өмірінде аз жас емес. Әрине, бұл ақсақалдың көрген - білгенінен, ұстаздық жолынан басқа да көкейде жүрген ойлары көп екен. Ол алдымен жастарымыздың тәрбиесін, олардың болашағын, халықтың имандылығын, тіліміздің дамуын жоғары бағалады.

Оқу - ағарту саласында елеулі еңбек еткен, өнегелі ісі өзгелерге ғибрат болатын Қайролла ақсақалдың өз ордасында аман-есен ұзақ өмір сүруіне тілектестігімді білдіремін.

Халел қажы Хамметов
12.10.1999 жыл

Менің екінші бір сыйлас адамым, жасы сексеннен асқан, көпті көрген, үнемі өлең шығарумен айналысып жүрген Шайхым Құнанбайтегі бұл кісінің «Ой тұнығы» деген өлеңдер жинағы жеке кітап болып шықты. Соның тұсау кесеріне мені де шақырды. Бос барғаным жоқ. Арнау

тілегімді жазып анардым:

Тілек - арнауым

Шәкеңнің көп оқимын өлеңдерін,
Жазады көрген менен білгендерін.
Үлгі етіп, әр нәрсеге қалам тартады,
Найзадай түйреп алар өткір тілін.
Қоғаммен бірге жасап, бірге жүред,
Қадірін ақсақалдың бәрі білед.
Жақсылыққа, дұрыстыққа жол сілтейді,
Оқыса өлеңдерін сонда білед.

Қартайып, жас келді деп отырмайды,
Қалам ұстап, жүректен ой толғайды.
Тілек - бата береді үлкендікпен,
Көңілі ақсақалдың ортаймайды.

Өсірген тәрбиелеп ұл-қызы бар,
Аталап соңына ерген немерең бар.
Бәйтеректей жайқалған жапырағың,
Артында өшпес мәңгі тамырың бар.

Тілеймін өздеріңе амандықты,
Әрқашан денсаулығың болсын мықты.
Жазғаның кітап болып шығар болса,
Қуантар алыс-жақын туыстықты.

Өзіңізбен дәмдес болып жүруші едім,
Сізді мен бәйтеректей көруші едім.

Асыл сөз қаламыңнан туындасын,
Шын жүректен өзіңізге сөз арнадым.

27.02.2002 жыл «Отарқа» газеті.

Сол Шәкең маған өзінің де арнау тілегін білдіріп,
«Отарқа» газетіне берді.

Оқу оқын, білімнің соңына ердің,
Сол білімді жастарға түгел бердің.
Ел қамын жеп, ертеде сңіреп өткен,
Данышпан бабалардың сөзін тердің.

Ұрпақтарға үйреттін дәстүр тілін,
Ендігі жастар алсын сондай білім.
Бұл салада атқарған еңбегің көп,
Қуартпай жалғастырсын өмір гүлін.

Жақсы сөзді жанындай бағалайсың,
Сөз білетін жандарды жағалайсың.
Кішіні іні санап, ақыл айтып,
Сөз білер үлкендерді ағалайсың.

Адамшылық қасиет сөзді білген,
Өнегелі сөздерді құлаққа ілген.
Бұл пәнидің қызығы замандаспен,
Өзілдесіп, тірлікте ойнап күлген.

Денсаулығың барында сөзге аралас,
Жақсы әдетті уағыздап ілгері бас.
Аума-төкпе заманда үнсіз қалу,
Өздеріндей жандарға еш жарамас.



Тірлікте, ел ішінде сайрандай бер,
Бұл өмірді қызықтап жайрандай бер.
Талай ауыр күн өткен ел басынан,
Өмір үшін күресті майдандай көр.

Ұйқасымды, арнаулы сөз саптадың,
Көңілге ұялайды сол жақтарың.
Ұзақ жасап, өмірдің қызығын көр,
Өзіңмен аман болсын ұрпақтарың.

Шайхым Құнанбайтегі
08.08.2002 жыл

*Ұлағатты ұстаз Қайролла Қостанбековтің
75 жасқа толған туған күніне құттықтауымыз*

Жетпіс беске шығыпсыз желкілдеген,
Сондадағы ерекше көркің елден.
«Отарқаға» арқалап өлең-жырды,
Келіп жүрсіз қыздайын төркіндеген.

Сексенге де жетерсіз шалдықпастан,
Төбемізде тұрса егер ашық аспан.
Төсек тартпай, төскейден көріңе бер,
Ұрпақ үшін естелік, жазып дастан.

Қыз - қырқынға бірақ та қырындама,
Жесірлерге байқамай ұрынып қалма...
Қалжың үшін айтамыз, еркелікпен,
Құлағыңызға ілінсін алтын сырға!

100-ге дейін сыр берме, бүлкілдей бер,
Өмір қымбат, өзіннің күлкіндей көр.
Алшаң басып, сырқатқа сыр алдырмай,
Сәйгүліктей шапқанда еркіндей бер.

«Отарқа» газетінің ұжымы
Екібастұз қаласы, 08.08. 2002 жыл

Қадірлі Қайролла атамызға!

Келдің, ата, 75-ке сайрандап,
Жігіт едің кеше жүрген жайрандап.
Енді міне ақсақал болып отырсыз,
Зейнеткердің кемесінде қайрандап.

40 жылдай дәріс бердің жастарға,
Шәкірттерің сізді ұмытып тастарма.
Әрқашанда бас иеміз құрметпен,
Қырау шалған ақ шашты жандарға.

Ағаштағы тамырымсы көгерер,
Қуаныштың ұрпағыңның көре бер.
Біз тілейміз бір өзіңе денсаулық,
Ақылшы боп ортамызда жүре бер.

Арыстан, Әстірхан, Әсем, Әділет
«Отарқа», 07.08. 2002 жыл

Осындай көп тілектер айтылып жатты,
Осыған да шүкіршілік, тәубә деймін.
Қайда жүрсем де қадірсіз емеспін,
Осы жақсылығым мен өмірден өтсем арманым жоқ.



Ардақты ұстаз!

Менің осындай табыстарыма себепті болған сіз. Сіздің болашақ өміріңізде ешқандай қиыншылық болмай, қалған өміріңіздің жақсы-жайлы болуына тілектеспін.

Қайролла! Сіздің берген тәрбиеңізге, біліміңізге көптен-көп рахмет! Сіз туралы былай дегім келеді:

Оңайға түсе бермес тұрмыс бағы,

Күресу, арпалысу өмір заңы.

Оқыттың балаларды, жас ұрпақты,

«Болашақ жағылсын - деп - шамшырағы.»

Мен де осылай Сіздің ұстаздық жолыңызды ұстадым.

Құрметпен, шәкіртіңіз Қайролла Шортанбайұлы.

Қараөзек ауылы, Омбы облысы,
30 мамыр 1999 жыл

Шежіреші, білгір ұстаз

Павлодар, Омбы өңірінде көпті көріп, көп жүрген, ел аралап жақсы адамдардың аузынан шыққан асыл сөздерді жинап - теріп, соны қағаз бетіне түсіруге қажымай-талмай жүрген адамның бірі Ханафия Асқаров қажы. Сол Хақанның «Өмір тарихы» атты үш кітабы бірдей жарыққа шықты: «Ертіс өрендері», «Алаш зиялылары», «Даналық,



тектілік және әулиелер әлемі».

Жасы сексеннен аса да әлі де ширақ, үнемі ізденумен, зерттеумен өткен өмір тарихын жазып қалдырғысы келеді. Хақаңның үйіндегі бар байлық бірнеше томдық әдеби, тарихи кітаптар, тіпті, қолға түспейтін ескілікті газет, журналдар мұрағат ретінде бірнеше сөрелерде қаттаулы тұр. Хақаңа арнап мен де бір-екі ауыз өлеңімді арнадым.

Ханафия атың бар ел білетін,
Өзіңіздей жан бар ма көп білетін.
Өткен өмір тарихын жазамын деп,
Ел аралап, тынымсыз көп жүретін.

Жасыңызда сексенге келген екен,
Ғұмырды Алла өзіңе берген екен.
Арпалыстың өмірдің ауырымен,
Қажымастай күш-қуат берген екен.

Өңірін бұл өлкенің түгел білдің,
«Қағазға түсірем» деп талмай жүрдің.
Кездесіп, көпті көрген адамдармен,
Асыл сөзін теріп ап, өзін көрдің.

Бойыңа туа біткен дарындық бар,
Атадан дарығандық, асылдық бар.
Қанжығалы, Абыз Шомақ ұрпағысың,
Қалайша өз бойында кемдік болар.

Хақаңның оқысаңыз кітаптарын,
Қалайша, жиып терген соның бәрін.
Оқысаң өткен күннің тарихы ғой,
Алаштың ардақтаған зиялыларын.

20.08.1997 жыл.



Гүлжиян!

Бүгінгі 60 жасқа толған мерейтойыңызға бәріміздің басымызды қосып шақырғаныңызға көптен-көп рахмет.

Сіз - Ханафия Асқарұлының тұңғышысыз. Бұл әкеңіз көпті көрген, көпті білетін, көп жасаған, әрі білгір шежірелі ұстаз. Әкеңнің дұрыс жолын, айтқан ақылын ұстап, қазірде ұл өсіріп, қыз тәрбиелеген қадірлі ананың бірі болып отырсыз. Сіз ақылды да, адамгершілік қасиеті мол, қай жағдайда болса да, қайырымдылық жасай білетін Тасболат, Бекболаттай ер азамат ұлдарды өсіріп отырсыз.

Бибігүл, Айгүл сияқты сабырлы да, салмақты ақыл парасаты мол, жоғары білімді қыздарыңыз бар. Осындай ұл мен қыз өсірген, немере сүйген сіз ардақты анасыз. Совет екеуіңіз осы балалардың арқасында өмірдің қуанышын көре беріндер. Немере, шөберелерің көбейіп, биік бәтеректей жапырағын жайқала берсін. Сөзімнің соңында арнау-тілегімді оқып берейін.

60 жас мерейтойың құтты болсын,
Әрқашан денсаулығың мықты болсын.
Жанұяң, балаларың аман болып,
Бәріңе де бақытты, ұзақ ғұмыр болсын.

Бәрінен балаларға Ана қымбат,
Жақсы бала анаға бойға қуат.
Тәрбиелеп өсірген балаларың,
Әрқашанда өзінді қадір тұтат.

Өсірген тәрбиелеп ұл, қызың бар,
Үй иесі жан-серігің Советің бар.



Тасболат, Бекболаттай ұл өсірдің,
Олардың қайырымдылық, сыйластық мінезі бар.

Мұхаммед пайғамбардың жерін көрдің,
Қуатты дін - Исламның елін көрдің.
Қажылық сапарына ғибадат қып,
Мекке мен Мәдинаның өзін көрдің.

Жолыңыз кейнгіге үлгі болсын,
Имандылық ниетіңіз қабыл болсын.
Жақын - туыс, балалардың ортасында,
Өміріңіз қайырлы, құтты болсын.

Немере, шөберелер үйге толып,
«Әжелеп» әрқашанда соңына ерсін.

Қайролла, Күлбарамның тілегі сол,
ниет, тілегіміз өздеріңмен бірге болсын.

2002 жыл

Балдыздарыма арнауым

Ақ Баян, Ақ Шолпандай балдызым бар,
Сабырлы, салмақтылық мінезі бар.
Адамның қасиеті сол емес пе?
Алыс пенен жақынды сыйлап тұрар.

Әрқашан бір қалыпта өзгермейді,
Біреуді жамандайтын сөзге ермейді.
Ақыл, сабыр ұстамдылық ойға бітсе,
Қадірін балдыздардың кім біледі.



Бақтыбай, байсалды да, сабырлысың,
Алыс-жақын туысқа қадірлісің.
Қуаныш пен ренішке ортақтасып,
Қол ұшыңды беретін сен бір жансың.

Жамбылдай, балдызым бар, жезде дейтін,
Ақкөңіл мінезі бар, еркелейтін.
Адамдық қасиеті, кішіпейіл,
Сол мінез, жолынан өзгермейтін.

Адамды жай отырмай, ой қозғайды,
Сол ойың қалам алғызбай тұрғызбайды.
Сыйластық, сыйлағанға не жетеді,
Жездесі «балдыздарым аман болсын» деп ойлайды.

Жас келіп көрілікке аяқ бастым,
Қадірін білмеген көп өткен жастың.
Тірлікте бір-біріңмен сыйласып өт,
Тілеймін амандығын, мал мен бастың.

Қайролла жезделерін
15.02.2002 жыл

«Жақсылармен жақын бол»

Бата

«Батамен ер көгерер, жаңбырмен жер көгерер» деген дейін Құлан-Қыпшақ, Қараөзек ауылында көпті көрген, көп жасаған кешегі Сағынайдың асына Айнабек болыстың атқосшысы болып барған інісі Сапар ақсақалдың маған берген батасы бар.



Балам, жүрген жерде сыйлы бол,
Ақылың асқан ойлы бол
Қадірлесіп, сыйласар,
Жақсылармен жақын бол

Осы бір дұғалы батасы, менің бойыма үлкен бір қасиет әкелгендей болды. Сапар ақсақалдың осы бір айтқан сөздері жасым жетпістен асса да, мәңгілік бір өмірімнің жақсылыққа, дұрыстыққа бастайтын әулиелік, қасиетті дұғасы сияқты.

Менің соңғы уақытта да бата беру қасиеттілігім пайда болғандай, ауызыма жақсы сөздер түсіп тұрады. Біздің де арғы аталарымыз қасиетті адамдар болған.

Ой толғауым

Зымырап өтіп жатқан бұл бір өмір,
Біреуге ауыр, біреуге болып жеңіл
Адам басы тірлікте бәрін көред,
Жабырқаңқы тартады, кейде көңіл

Бір кезде, Қайролла едім жайнаған,
Өмірді өткізіп ем, сайрандаған.
Енді міне, кәрілік жолдас болды,
Судағы кемедеймін қайрандаған.

Кәрілік жанның бәрін жүдетеді,
Қысымын күннен-күнге үдетеді.
Білмейсің өміріңнің не боларын,
Тағдырдың жазғанынан кім кетеді.

Жаныңды жадыратыр серік керек,
Дұрыс сөзді ұғатұғын адам керек.
Жылы сөзді жаутаңдап естігің кеп,
Сыйлайтын, қадірлейтін адам керек.

Кемпірің жанындағы жан серігің,
Ақылшы, аянышың бар серігің.
Ұл мен қыз бәрі өсіп кете берер,
Жалғыздықты көрсетпе деген едім.

Кемпірім, кейде отырып бұртындайды,
Жөнді сөзге түсінбей қиқаңдайды.
Шал байғұстың қарсы келер шамасы жоқ,
«Іше алмай қалам ба» деп ыстық шайды.

Қадірсіз бұл өмірде болғаным жоқ,
Жаман іске, жамандыққа барғаным жоқ.
Өсек сөз, өтірікке жаным қас боп,
Біреуді ғайбаттауға барғаным жоқ.

Сыйласып, қадірлестім жақсылармен,
Ешкімнен кем болмадым өмірде мен.
Жадырап көңіл шіркін көтерілер,
Сөзіңді ұғар адам болса өзіңмен тең.

Сол үшін жақсыларға жақын болам,
Сыйласарға сыйласар туыс болам.
Өмірімді мен соған арнағанмын,
Қасиетті болып еді Ата-бабам.



Баянсыз өтіп жатқан бұл бір жалған,
Адамның арманы көп қиялдаған.
Бүгін барды, ертең де жоққа санап,
Жеткізбеген өмір-ай дүние жалған.

Тілеймін әрқашанда амандықты,
Кездестірме өмірде жамандықты.
Отбасы, жанұямыз аман болсын,
Бір Алла қабыл етсін бар тілекті.

***Жүрек әмірі сөйлетті,
Көңілді ой тербетті.***

Менің Зәуреш, Бақытжан деген екі қызым бар. Олар маған адал, әрқашан «папалап» тұрады. Үйлеріне шақырып, бар тағамын менің алдыма қояды.

18 желтоқсан 2003 жыл.

Бүгін қызым Зәурештің туған күні. 40 жасқа толды. Күлбарам екеуіміз түсте барып құттықтадық. Мен өзіне арнап құттықтау тілегімді жазып апардым.

Зәуреш!

Бүгінгі 40 жасың құтты болсын,
Әрқашан денсаулығың мықты болсын.
Отбасы, жанұяңмен аман болып,
Бәріңе де, бақытты ұзақ ғұмыр болсын.

Кеше сен көз алдымда бала едің,
Өзіңе жақсы сөзді балап едім.
Бұл күнде өзіндағы Ана болып,
Үш бірдей тәрбиелеп ұл өсірдің.



Өмірдің ауыры мен жеңілі бар,
Адамның армандайтын үміті бар.
«Әрқашан қуанышқа жетсін» деген,
Папанның адал ниет тілегі бар.

Тілеймін өздеріңе амандықты,
Кездестірме өмірде жамандықты.
Береке, ырыс, дәулет келтіретін,
Ынтымағы жанұяңның болсын мықты.

Жүзің жарқын, көңілінде шаттық болсын,
Жүргенде әрқашанда жолың болсын.
Шаңырақтың иесі Нұрланменен,
Қуаныш, қызықтарың бірге болсын.

Алла өзіңе ұзақ ғұмыр жас берсін,
Ақыл ойлы, парасатты бас берсін.
Адал ниет, ақ батамды берейін,
Бәріне де, қуанышты, бақытты өмір берсін.

18.02. 2003 жыл

Мұрат - Бақытжан

1995 жылы Бақытжаным Мұратпен өмірлік жолдастыққа тіл табысып отбасын құрды. Содан бері қарай бірнеше жылдар өтті. Мұраттың әке-шешесі менің құда-құдағиым Бақыт - Кермекқаспен жақсы сыйлас, дәмдес болдым. Олар туралы естеліктерімде толық жазылған.

«Жас өсіп, жарлы байымай ма?» деген дейін



Бақытжанымнан көрген жиендерімнің алды оқуға да баруға жарап қалды. Соның бірін өзім оқуға апардым. Мынадай бір тілек-батамды бердім.

Серікболсын!

Алғашқы білім ордасына қадам бастың,
Мектепке жүретұғын жолды аштың.
Білімді азамат боп, ер жетіп өс,
Оқуда үздік оқып, өнерің ассын.

Өмірің жаз гүліндей жайнай берсін,
Зор денсаулық өзіңе бақыт берсін.
Білімнің дариясынан сусындай біл,
Қажымастай өзіңе қуат берсін.

Еркелік балалығың артта қалар,
Білім жолы өзінді алға апарар.
Әлемнің барлық сырын ашатұғын,
Бәрімізге қымбатты мектеп болар.

Жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті бол,
Ата-ананың үмітін ақтайтын бол.
Атаңның қасиетті жолын ұста,
Берер батам, тілегім өзіңе сол.

Қаланың № 36 мектебінің 1 «а» сыныбына оқуға түсті. Біз екеуіміз бір партаға отырып, суретке түстік.

Павлодар қаласы,
01.09. 2001 жыл



Бақытжаным 30 жасқа толды

Күлбарам екеуіміз Павлодарға бардық. Мерейтойы кешкі сағат 18-00-де «Нұр» кафесінде өтті. Кеш өте көңілді, қуанышты, күлкілі түрде өтті. Әсересе, асаба сөзге шебер, күлкілі сөздерді тауып, сөйлейтін жігіт екен. Маған сөз-тілек айтуды берді.

Бақытжан! Міне, келдің 30 - жасқа,
Мінезің өзгелерден сенің басқа.
Сабырлы, салмақтылық бойында бар,
Тұрасың сол мінезбен бір қалыпта.

Бүгінгі туған күнің құтты болсын,
Әрқашан денсаулығын мықты болсын.
Жанұян, балаларың аман болып,
Бәріңе де бақытты, ұзақ ғұмыр берсін.

«Папа» деп әрқашанда мені ойлайсың,
Аман-сау жүрсе екен деп көп ойлайсың.
Мамаң мен екеуімізге қамқоршы боп,
Мұрат пен ексулерің бізді ойлайсың.

Тілеймін өздеріңе амандықты,
Кездестірме өмірде жамандықты.
Серік, Берік, Ерболдай азаматтар,
Денсаулығы олардың да болсын мықты.

Қайролла - Күлбарам
26.02.2003 жыл



Сайлау қажы

Қаладағы сыйлас, қадірлес адамның бірі - Сайлау қажы. Біз мешітте кездескенде құшақтаса амандасамыз. Бірде мені болмай шаңырақ үйіне апарды.

Далада машинасымен баласы тосып тұр екен. Біз ең әуелі күйеу баласының үйіне бардық. Бұл күні жиендері бір жасқа толған екен. Түстік асылған, бір табақ ет әкелді. Басты менің алдыма қойды. Мен бата бердім. Маған өзінің үйіндегі жналған кітаптарын, архивтерін өзінің Ата-бабаларының ұлағатты, айтып, жазып кеткен сөздерін көрсетті. Мен көрмеген 2 жақсы кітапты көрдім.

1. Құран-Кәрім (қазақша аудармасы) Нұрсұлтан Назарбаевтың сыйлығы (500 дана) соның біреуі Сайлау Қажының қолына түскен.

2. «Қазақстан қажылары» онда Павлодар облысынан барғандардың фотолары мен өмірбаяндары бар. Қолға түспейтін ескілікті қор ретінде сақталып келе жатқан асыл қазыналы құнды кітаптар бар. Рет-ретімен сөрелерде тұр. Мен мұндай жинақы (кітаптарды) ұқыптылықпен қастерлей білген адамды бірінші рет көріп тұрмын. Сайлау қажы Имандылық жөнінде «Отарқа» газетіне бірнеше мақалалар жазды. Жазылған материалдары кейінгі ұрпақтарға үлгі боларлықтай.

«Батагөй қариялар» деген конкурсқа да қатысып, жүлделі орын алды. Телеэкранға бірнеше рет шықты. Өзінің өсіріп жеткізген бес ұл, үш қызы бар. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған адал да еңбектері жанған адамдар екен. Сайлау қажы өзінің немерелерін қазақ мектебіне беріп, сонда оқытады. Тіпті немерелері Бата беруді де біледі екен. Ата тәрбиесі ғой... Үйі де үлкен. Кең зал. Өзінің

жеке бөлмесі бар. Сонда отырып жұмыс істейді (жазумен айналысады).

Бес уақыт намазы бар. Бәйбішесі Шолпан да жылы жүзді жұмсақ сөзді, байсалды, сабырлы адам екен. Құдай берген ұлдары мен қыздарының қадірлі Анасы. Құрбан айтына тағы шақырып, Құлбарамға көйлек кигізді.

Біз осылай әрқашанда сыйласып жүрген адамдармыз. Кетерінде маған ескерткіш ретінде бір қағаз берді.

Қайролла ұстазға

Дана халқым ұстазды қадірлеген.
Ұстазды бәрі дағы сыйлай білген.
Қарғ ұстаз, ел сыйлаған Қайролла аға,
Қырық екі жыл ұрпаққа білім берген.

Мінезі жас баладай жайрандаған,
Өнегені аламыз осы ағадан.
Өмір өтіп, талай асулардан
Қиындыққа бой беріп қажымаған.

Бақытты өмір тілеймін, ұстаз-аға,
Тіл мен дінім күшейер сіздер барда.
Ата-баба тұяғы кешегі өткен,
Ақылшы боп жүріңіз ұрпақтарға.

Тілек білдіруші ініңіз Сайлау (қажы)
31.01. 2001 жыл

Қазір қаламызда жаңа бір ұйым ашылды

«Ақсақалдар әділ-қазылар бірлестігі» осы ұйымда Сайлау да, мен де бармын. Біздің басшымыз көпті көрген, білгір, шежірешіл адам Құсайын Сүлейменов. Біз



«Атамұрада» жұмыс істейміз. Тоғыз адамбыз. Өрқайсымызға берілген жұмыс бар. Мұстафа екеуіміз мектептегі тәрбие жұмысына араласамыз. Мен осы бірлестіктің баспасөз хатшысымын.

Ысқақ қажы. Қасиетті адам. Екібастұз мешітінің бұрынғы бас мамы болған кісі. Діни уағызды жақсы айтады. Бірде мен үйіңде де болдым. Кітап ашып, өзіңнің өмірбаяныңды сол арқылы айтады. Кішіпейіл, жұмсақ жүзді адам. Қала халқы ол кісіні күшті сыйлайды. Жақсы бата береді. Мен де бұл кісіні ерекше сыйлаймын. Жұма намазында күшақтаса амандасамыз.

Арғын қажы. Мешітіміздің қазіргі бас имамы. Жасынан имандылықтың жолына түскен. Жас та болса бастай болып, бойына Алланың нұры түскендей бойында қасиет бар. Қала халқы өзін күшті сыйлайды. Жұма намазында жиналған жұртқа уағыз айтады. Халық ұйып тыңдайды. 17 жасынан бері қарай Дін Исламның жолын ұстап келеді.

Биыл қажылыққа барды. Аман-сау қайтып келді. Өзінің бір ғажайып, көргенін де айтты. Мен Арғынға арнап мына бір өлеңімді де шығардым.

Арғын-ау!

Жаста болсаң, бастай болдың,
Жасыңнан Дін-Исламның жолын кудың.
Бойыңа имандылық дарыған соң,
Құрбыңнан өзің теңдес асып тудың.
Мешіттің Бас имамы болдың, мінс



Уағыз айтып тұрасың, жас-кәріге
«Ақыл жастан шығады» деген бар ғой
Айтқан сөзің ұнайды бәрімізге.

Мұхаммед пайғамбардың жерін көрдің,
Қуатты, Дін-Исламның слін көрдің
Қажылық сапарына гибадат қып,
Мекке мен Мәдинаның өзін көрдің.

Жолыңыз кейінгіге үлгі болсын,
Бұл сапар, нистіңіз қабыл болсын.
Отбасы, жанұяңмен аман болып,
Бәріңе де қайырлы, ұзақ ғұмыр болсын.

Тілек білдіруші қарт ұстаз Қайролла
Қостанбектегі

«Ата» деп мені қатты сыйлайды. Менің туған күніме
арнап бір жайнамаз, бір Құран-Кәрім кітабын берді.
Меккеден әкелген тәспийқты сыйлады.

9.08.2003жыл.

Қимашкенің 80 жасқа толған мерейтойы

Мен Қостанбектен, Ол Тастанбектен тараған екі атаның
ұрпағымыз. Сол екі атадан үлкен болып қалған еке еуіміз
ғана.

Оның мерейтойы жиһаз фабрикасының асханасында
өтті. Көп адамдар келді. Әсіресе, көп жылдан бері көрмеген
жиеніміз Алматыда тұратын, отставкаға шыққан полковник
Олжабай Темірхановпен кездестім. Ол сол Алматыда соғыс
біткен соң (1947 жылдан бастап) бір орында тұрған ЦК-

ның күзет басқармасын басқарған. Қазір жасы 80-ге келген. Бірақ әлі де ширақ. Мәдениетті, адамгершілігі мол, өмірден көргені мен түйгені көп. Өзінің екі кітабы шыққан.

Қимашкенің 80 жасқа толған мерейтойына Алматыдан Луиза, Роза және Шолпан келді. Тойға алыс-жақын, құдалары қат-қабат таныс жолдастары болды. Жақсы тілектер, құттықтау сөздер айтылды. Сағал азаматтары болып жүрген Ғабдолла, Мұстафалар болды. Мәжіліс өте жақсы өтті. Ас-тамақ та мол болды. Бастан-аяқ қымыз ішіп отырдық. Көңілді күлкі, жеңіл әзіл және домбырамен жақсы өлеңдер айтылды. Бірнеше рет фотоға түстік. Көптен көрмеген Роза, Луизалар мені құшақтап жылап жіберді.

-Екі атадан (Қосғанбек, Тастанбек) жүрген сіздер аман болыңыздар, - деді.

Мен өзімнің тілек-арнау ретінде шығарған өлеңімді оқып бердім.

Қимашке! Келдің міне 80 жасқа,
Өмірің өзгелерден сенің басқа.
Тұрмыстың ауыр-жеңілін көріп өттің,
Не көріп, не көрмедің осы жаста.

Отан үшін аттандың қару ұстап,
Жанаямай майданға қолды бастап.
Елді, жерді қорғаған сіздей ерлер,
Қайта оралдың еліңе, Жеңістің туын ұстап.

Қару қалды, еңбектің жолын кудың,
Бейбіт күнің өміріңе қайта тудың.
Ел алдында атқарған еңбегің көп,

Сол үшін құрметтісің бәріне тек.
Өсірген тәрбиелеп, ұл-қыз бар,
Жаныңда ақжаулықты жеңеміз бар.

Тамырың бәйтеректей өсетұғын.
Аталап, соңыңа ерер немерең бар.
Балаларың, сіздің жасты тойлап отыр,
Өсірген еңбегіңді ақтап жатыр.

Бір өзіңе құрмет көрсетуге,
Алыс-жақын туыстарың келіп жатыр.
Ағай! Сіз! Бақытты да қадірлісіз,
Аралап талай жерді көп көрдіңіз.

Енді міне, ақсақалды ақылшы боп,
Тау қырандай биіктен көрініңіз,
80 жас мерейтойың құтты болсын,
Әрқашан денсаулығың мықты болсын,
Отбасы, балаларың аман болып,
Бәріңе де бақытты, ұзақ ғұмыр болсын!

Өзіңменен туыстас Қайролламын,
Күлбараммен екеуіміздің тілегіміз осы болсын.
09.08.2003 ж.

Мен Екібастұзға келгеннен бері, өзімнің жерлесім Омбы азаматы Рамазан Қалышұлы ақсақалмен бір туғандай болып кеттік. Ол кісінің осы қалада екі қызы бар. Екеуі де қызметте әлді тұрады. Бізді бірнеше рет шақырды. Бұл кісінің көргені мен білгені көп. Атақты Орақ қажының жиені.

Үнемі корған білгендерін, көңіліне түйгендерін жазып жүретін ұқыпты адам. Үйінде бірнеше папкаларда жыл-жылдарымен жазылған материалдар көп.

Ата шежіресін де көп тереді, жазып та жүреді. Бірде мен «Реке, сіздің ойыңыз не?» - деп сұрадым.

Сондағы айтқаны:

- Өзім өмірден өтсем де, артымда қалған ұрпағымның бірі Атамыздың жазып кеткендері», - деп «еске алар» деп ойлаймын.

Реке! Келдің міне 80 жасқа,
Өмірің өзгелерден сіздің басқа.
Тұрмыстың ауыр-жеңілін көріп өттің,
Не көріп, не көрмедің осы жаста.

Бойында ақыл, сабыр, қайратың бар,
Ойлайтын әрбір түрлі арманың бар.
Ой-сана, ақыл-түйсік болса егер,
Қадірін бұл әкенің солар білсін.

Өсірген тәрбиелеп ұл-қызың бар,
Өзіңді әрқашанда қадір тұғар.
Тәрбиелеп өсірген балаларың,
Бойыңызға әрқашанда қуат болар.

Аралап кең дүниені көргенің көп,
Жақсы менен жаманды білгенің көп.
Сөздерін жақсылардың жинап-теріп,
Жеке дара өткізер күндерің көп.



Омбының тумасысың, елің сонда,
Ойыңнан кетпейтұғын жерің сонда.
Барасың анда-санда туған жерге,
Алыс-жақын туыстарды көріп сонда.

Рске! Бақытты да қадірлісіз,
Аралап талай жерді көп көрдіңіз.
Енді міне ақсақалды ақылшы боп,
Тау қырандай биіктен көріндіңіз.

80 жас мерейтойың құтты болсын,
Әрқашан денсаулығың мықты болсын.
Отбасы, балаларың аман болып,
Бәріңе де бақытты, ұзақ ғұмыр болсын.

Өзіңменен жерлес, сырлас Қайролламын,
Кұлбараммен екеуіміздің тілегіміз осы болсын.

22.05. 2004 жыл

Марат Жанатұлы!

Жаңа қызмет орның қайырлы болсын. Еңбегің
әрқашанда, ел алдында көріне берсін. (Қалалық оқу
бөлімінің бастығы болды).

Ақыл менен сабырды,
Өз бойыңа ұстай біл
Өзіңе сенген жұмысты,
Әрқашанда ақтай біл



Адал жүрек, шын ниетім,
Берер батам сол болсын.
Отбасы мен жанұяң,
Қуанышта бір болсын.

Әрқашанда өзінді,
Атаң сені еске алад.
Қыран құстай биікте,
Өзіңе бітсін қос қанат.

Өзіңе тілек білдіруші, мені әрқашанда «Қарт ұстаз.
Ата» деп сыйлап жүргеніңе көп рахмет.

Қайролла Қостанбектегі.

Алматыдан. Сұлушаш, Ақайша, Ләззат бүгінгі күні, сонау өнер ордасынан келіп, біздерге концерт қойғандарыңызға көптен-көп рахмет.

Сіздердің шырқата салған әндеріңіз, домбырамен келтірілген тынысты айтылған өлеңдеріңіз, көрермендердің көңілін бір көтеріп тастады.

Сұлушаштың ашық дауысты әні, Ақайшаның әнші Майрадай баянда баяулатып, асқақтатып салған әндері, Ләззаттың домбырамен шырқата салған өлеңдері бәріміздің жүрегімізге жылы әсер етті.

Аққайша, жаста болсаң, бастай болдың,
Өнердің қажымастай жолын қудың.
Бойыңа туа біткен өнеріңмен,
Құрбыңнан өзің теңдес асып тудың.

Қаламын бір өзінді «Майра ма?» - деп,
Сырнай, гармонь қолында тұрғанда тек.
Майрапы тірілткендей өнерің бар,
Тілеймін бір өзіңе жақсы тілек.

Ұнаттым Сұлушаштың салған әнін,
Кең тыныс, ашық дауыс ерекше үн.
Бойыңнан шыққан үнің бір ерекше,
Бар дөңгез қосылғандай өзіңмен бір.

Ләззат, сен осылардың шәкіртісің,
Орындалсын ойға алған ісің.
Домбырамен шырқатып ән сала бер,
Өнерің көрсермендерді сүйсіндірсін.

Өнерлердің тау суындай тасындай берсін,
Шын тілекпен берер батам осы болсын.

Қарт ұстаз Қайролла Қостанбек
14 мамыр 2003 жыл

Бауыржан кұлыным!

Бір Алладан сенің қуанышыңды көруге жеткіз деп
тілеп едім. Сол тілегімді Алла тағала қабыл етті. Мен сол
үшін де қуаныштымын. Көзіме келген жас қуаныштың
белгісі. Айтар сөзіммен тілегімді оқып берейін.

Атыңды қойып едім «Бауыржан» деп,
Өмірге «Ұл келді» деп қуанып ек.
Қарт әжең алдына алып әлдиледі,
Немеремнен көрсеткен шөберем деп.

Бәрінен сенің жолың болды басқа,
Беретін әр адамға өмір басқа.
Әжең менен аптайың еркелетті,
«Жеткізді» деп бізді осылай қуанышқа.

Ер жетіп, азамат боп, міне өстің,
Жаңарғандай болды ғой өткен істің.
Әжең менен аптайың көрмесе де,
Атаңды қуанышқа жеткіздірдің.

Сендағы бір атаның ұрпағысың,
Өміріңді бір Алла ұзақ қылсын.
Ғалиямен скеуің үй болындар,
Шаңырағың жас отаудың биік болсын.

Тілеймін өздеріңе амандықты,
Кездестірме өмірде жамандықты.
Сыйласқан тату-тәтті өмір болсын.
Тірегі Махаббаттың болсын мықты.

Алыс-жақын туыстар түгел келді,
Ортақтас боп қуанышқа бәрі келді.
Үміт еткен тілегіміз орындалды,
Той - думанды келгендердің көзі көрді.

Ғалия Бауыржанға серік болсын,
Өздеріндей тең құрбының алды болсын.
Қуаныш пен қызыққа жеткізетін,
Өмірлерің әрқашанда жайлы болсын.

Қарт атаң Қайролланың тілегі сол,
Берер батам өздеріңе осы болсын.

Мен екеуіне арнап бата бердім.

Алдыма кеп қол жайсандар,
Ақ батамды берейін.
Жақсылықты өздеріңе,
Бір Алладан тілейін.

Өздеріңе бақ берсін,
Ұзақ ғұмыр жас берсін.
Жас отаудың үйіне,
Ырыс, дәулет, береке берсін.

Адал ниет, шын тілекті,
Әрқашанда қабыл ет,
Екі жастың өміріне,
Жақсылықты нәсіп ет.

Келінжан, саған айтарым,
Ақыл менен сабырды.
Алыс пенен жақынды,
Үлкен менен кішіні,
Атаң менен әнеңді,
Әрқашанда сыйлай біл!

Жеңіл өмір болмайды,
Ауырлықты жеңе біл
Қай ортада жүрсең де,
Жылы жүзді бол!
Жұмсақ сөзді бол!

Бауыржан, сағап айтарым,
Тәрбиелеп өсірген.
Өзінді осылай жеткізген,
Әке-шешен еңбегін,
Әрқашандай ақтай біл!
Махаббатты екеуің,
Мәңгілікке сақтай біл!

Қос аққудай көлдегі,
Қол ұстасып жүріңдер.
Ойлаған армаң, мақсатқа.
Қуанышпен жетіңдер!

Баталы құл арымас,
Батасыз құл жарымас.
Берер батам сол болсын,
Бақытты болсын екі жас.

Павлодар қаласы
17.10. 2003 жыл

Теміртас!

Жаста болсаң, бастай болдың,
Өнер менен білімнің жолын кудың.
Ой-арманың асқақтап әрқапанда,
Қорықпай қиындыққа белді будың.

Ойлаған мақсатың мен арманың көп,
Талпыңдың соған қалай жетемін деп.
Сол үшін қиялыңды асқақтаттың,
«Бір Алла мақсатына жеткізсін тек».



Адамға бос отыру жарамайды,
Аллада ондай істі қаламайды.
«Талаптыға нұр жауар» деген бар ғой,
Ол адам бұл өмірден кұр қалмайды.

Денсаулықтың барында жүрген жақсы,
Аралап кең дүниені көрген жақсы.
Ақыл, сана әрқашан бойға қуат,
Жақсы менен жаманды көрген жақсы.

Бір мақсат, бір арманды ойға алдың,
Тыным таппай әртүрлі жерге бардың.
Ендігі мақсатыңның түйіні сол,
Жат елді, жат жерді бетке алдың.

Тілеймін бір өзіңе амандықты,
Кездестірме өмірде жамандықты.
Мұндағы жанұяң да аман болып,
Олардың да денсаулығы болсын мықты.

Ортамыздан ұзақ сапар шықтың жолға,
Қыдыр Ата жолдас боп өзің онда.
Бәріміз бір өзіңе тілектеспіз,
Қыран құстай самғап ұшып, қоншы қолға.

Жүргенде әрқашанда жолың болсын,
Алдыңнан жарқыраған айың тусын.
Шын жүректен айтарым бір өзіңе,
Берер бата тілегім осы болсын.

Германияға жүрерде, өз үйіне бәрімізді шақырды.
Сонда осыны оқып өзіңе бердім.

11 шілде 2002 жыл



Сайлау! (Сайлау қажы)

Денсаулықтың қадірін,
Ауырғанда білерсің.
Шын жанашыр жақынды,
Сонда ғана білерсің.

Ойламадым осылай,
Төсек тартып жатам деп.
Телефоным жанында,
Серік болды маған тек.

Ойға, қырға жүруші ем,
Дамыл таппай осылай.
Бәрін де көзбен қоруші ем,
Қуат беріп, бір құдай.

Әр адамның өзінде,
Ойлайғұғын арман көп.
Күні-түні жүрерсің,
Соған қашан жетем деп.

Өмір жалған түлкі екен,
Бұлаңдап алдан өтеді.
Жеткізбеген дүние-ай,
Жете алмай да кетеді.

Жанған шырақ жарығың,
Мәңгі жанып тұрмайды.
Кездестірме тағдырға,
Қарсыласар күшің болмайды.

Адам да, өтер, күн де өтер,
Баянсыз жалған о да өтер.
Қадірлескен, сыйласқан,
Қимас достар о да өтер.

Адам деген - бұл өмірдің қонағы,
Белгісіз ғой қанша жасап тұрады.
Көрген адам сені еске бір алар,
Жансыз сурет артындағы қалады.

Жүрек әмірі осылайша сөйлетті,
Көңілді ой жабырқаумен тербетті.
Құшақтаса сыйлайтұғын жандар едік,
Алла бізге жақсылықты көрсетші.

05.01. 2003 жыл

Осылай күндер өтіп жатыр. Мен осы Екібастұз қаласына келгеннен бері де, көз көрген, сыйласқан адамдардың кейбіреуі өмірден өтіп жатыр.

Мұқағали Мақатаевтың мына сөзі есімнен кетпейді.

Неменеге күлесің жеке батыр,
Қариялар азайып бара жатыр.
Бірі мініп келместен кемесіне,
Бірі келіп жағада күтіп жатыр.

Сол келместің кемесіне, күні жеткен күні бәрімізде
мініп кетеміз ғой.



Бірде, өзіммен ұзақ жылдар көрші болған Зикен Хамитов келіп:

- Қайролла, Солнечный кентінде сені танитын, сендермен бір ауылда болып, бірге өскен бір ақсақалды айтты. Зейнеткерлікке шыққан жасы 60-тан асқан адам деді. Атын сұрап едім, айтып еді, ұмытып қалдым, деді.

Бір күні дәм тартып Солнечный кентіне бардым. Өзімнің көз көрген Зикен үйіне келдім. Ол маған сол адамның аты Ғаббас, өзімен көрші тұратындығын айтты.

Біз екеуіміз сол үйге бардық. Үйіне келсем, жас шамасы алпыстан асқан ат жақты, ұзын бойлы, аздап қойған мұрты бар, сымбатты, байсалды бір адам қарсы алдымнан шықты. Маған сәлем беріп, бір-бірімізге қарсы келіп тұра қалдық. Өң-жүзі, кескін келбетті бір адамға ұқсайтындай маған бір әсер етті.

Ол өзінің туған жері - Сулықамыс ауылы Сейітқұлов Құсайынның баласы екендігін айтты. Екеуіміз құшақ жая құшақтаса кеттік. Мен өзімнің Қайролла Нұрмағанбетұлы Қостанбеков екендігімді айттым.

Бізді өмір 57 жылдан кейін осылай табыстырды. Бұл Ғаббас еді.

... 1941 жылы соғыс басталғанда бұл Ғаббас әкесінен бір жарым жаста қалған еді. Мен Алқұл орта мектебін бітіріп, 1946 жылы Құлан Қараөзек еліне мұғалім болып кете бардым. Сонда ол алты жасар бала еді. Шешесі Шайкөн және екі апасы болған.

Мен елге келіп жүрсем, олар жоқ, басқа жаққа көшіп кеткен екен...



Ғаббастың әйелі Күлбарам «Бізді де іздеп келетін кісі бар екен?» -деп жылап жіберді.

Ертеңінде Ғаббас келіп, Күлбарам екеуімізді алып кетті. Айтқанындай, балалары, келіндері, немере, жиендері түгел жиналған екен. Екібастұздан апасы Зылиханы алдырыпты. Өзінен 3 ұл, бір қыз бар. Ұлдары ер жетіп, бәрі де үйлі-баранды болған. Қызы тұрмыста.

Биік бәйтеректің тамыры тереңдеп, жапырағы жайқалғандай. Өзінің Солнечный кентіне 1994 жылы келгендігін айтты. Балалары одан бұрын келген. Өздері оған дейін Ертіс ауданының Кутузов совхозында тұрған.

Әкеден қалған бір жарым жастағы жалғыз Ғаббасты Алла тағала осылай жеткізіп, ғұмырлы, өмірлі қылып, өзінің маңайына жапырағын жайқалдырған, Алла ісіне қалай тандандырмассың.

«Ат тұяғын тай басар» деген осы емес пе жеткіздірді, жетілді...

Осы өміріме мыңда бір шүкіршілік – деді Ғаббас. Бүгінде Пайғамбар жасы 63-ке келіп отырған кезі.

57 жылдан кейін кездестірген Алла тағаланың бұл ісіне «Мың да бір шүкіршілік» деп көңілді күймен үйге қайттым.

Түйін

Бұл кітап көбі менің ұстаздық өмірім туралы жазылған.

От басы мен жанұяларымның өмір тіршілігі ықшамдалып, қысқа ғана көрсетілді.

Сондай-ақ Құлан Қыпшақ Қараөзек ауылы және Жамбыл ауылының адамдары туралы аз айтылмайды. Өзімнің алдымнан оқып шыққан көптеген шәкірттерімнің бүгінгі күнде қайда, қай салада істеп жүргендері туралы жазылуы керек еді, бірақ ықшамдалып жазылмады. Әсіресе Манап Әндіржанов пен Шапаева Елеусіз Қырықбайқызы туралы жазған материалдарым да көп еді. Олар да ықшамдалып түсті.

Нағашы жұрт, қайын жұрт және құдандалы, алыс – жақындар туралы да бұл кітапта бірауыз сөз айтылмай қалды.

Кітаптың негізгі идеясы – менің ұстаздық өмір жайында.

Менде өткен жылдар мұрағаты және естеліктер 6 (алты 90 беттік) қалың дәптерде толық жазылған.

Мүмкін осы кітаптың жалғасы да болар. Тек бойға қуат, денге саулық беріп, қолдағы қаламым тоқталмайтын болсын.

Автор

Мазмұны

1. Алғы сөз. Ұстаз кітабы. 3
2. Кіндігімнің жас қаны тамған жері - Ауылым. . . . 4
3. Екібастұзда. 39
4. Түйін 76

Редакторы Төлүбек Қоңыр.

Сверстано и отпечатано в ТОО «Полиграф-Дизайн ПВ».
Тел 32-03-19.

